

Ushqyr oıla! Biikke samǵa! Álemdi sharla!



@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Farabi

№4
СӘУІР
2026

shákirti

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАГЕРЛЕРГЕ,
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



СӘУІР АЙЫ

Сәуір келіп жетті енді,
Дала гүл-гүл жайнады.
Жырға қосып көктемді,
Әнші күстар сайрады.

Сұттан Қалиұлы





ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті: **ЖАЙ ҒАНА ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАНЫТЫП, САБЫРЛЫ БОЛУ ҚАЖЕТ**

«Жаһандық көшбасшылар, әлемнің әр қиырындағы жекелеген мемлекеттердің жетекшілері, ең алдымен, халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауы қажет деп санаймын. Қазіргі сәтте стратегиялық ұстамдылық өте маңызды. Менің ойымша, бүгінгі күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы әлемдегі шиеленістердің түйінін тарқату аса қиын емес. Жай ғана жауапкершілік танытып, сабырлы болу қажет».

(Мемлекет басшысының Анталия дипломатиялық форумының панелдік сессиясына қатысып, сөйлеген сөзінен.

Түркия, Анталия қаласы, 2026 жыл, 17 сәуір).

<https://akorda.kz/>

Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал

Farabi shakirti

№4 (80) сәуір 2026 жыл

Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,
айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)

Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.
Тел.: +7 701 730 9312

E-mail: farabi_shakirti@mail.ru

ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛПК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың пифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

ДАНАЛАРДАН ҒИБРАТ

Төле би Әлібекұлы

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.

Қазыбек би Келдібекұлы

Адал болса – досың жақын,
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағын шөберең жақын,
Туып өскен – елің жақын.

Әйтеке би Байбекұлы

Асқар тау сенде бір мін бар-
Асу бермейсің;
Тасқын су, сенде бір мін бар-
өткел бермейсің;
Билер, сендерде бір мін бар-
Басқаға сөз бермейсің!

Бұқар жырау

Айтқан сөзге тұрмаған – жаман емей немене,
Сұрағанды бермеген – сараң емей немене,
Кісі ақысын көп жеген – арам емей немене,
Сыртындағы қулығың – амал емей немене,
Сусағанда берген су – шекер емей немене,
Ынжық ерге біткен мал – бекер емей немене?!

Үмбетей жырау

Суытпа босқа түсінді
Қайрама онша тісінді.
Сырт тазасы не керек,
Тазарт әуел ішінді.

Кісіні көрсең, есікке
Жүгіре шық, кешікпе.
Қарсы алмасаң мейманды,
Кесір болар несіпке.

Шалкиіз Тіленшіұлы

*Еріккенде қызыл тілін тыймаған бір пәлеге
жолығар.

*Айдын сулар, аймақ көл – тасыса
дөңбек келтірер,
Көп өтірік, жаман сөз – басыңа бәле келтірер.

*Тәңірі өзі бермесе – «менмен»-сіп
жүрген ер жігіт кісіден тартып ала алмас.

*Бір жақсымен дос болсаң –
азбас-тозбас мүлкі етер,
Бір жаманмен дос болсаң –
бар ғаламға күлкі етер.



Сурет: ЖИ

Мемлекет басшысы Анталия дипломатиялық форумының панелдік сессиясына қатысты



2026 жылғы 17 сәуір
Түркия, Анталия қаласы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Анталия дипломатиялық форумының «Mapping Tomorrow, Managing Uncertainties» панелдік сессиясына қатысты. Іс-шараны Түркия Парламентінің депутаты, бұрынғы сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоғлы жүргізді.

Мемлекет басшысы Түркия Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен халықаралық аренадағы беделін арттырып келе жатқанын айрықша атап өтті.

– Ең алдымен, көреген көшбасшы Режеп Тайип Ердоғанның жетекшілігімен Түркияның осы аймақта зор рөл атқаратынын айтқым келеді. Өңір әлсін-әлсін бетпе-бет келіп отырған өзекті мәселелердің шешімін табуға елдеріміз айтарлықтай атсалыса алады деп ойлаймын. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Президент Ердоғанның келесі айда Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына ерекше мән беріп отырғанымызды жеткізгім келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Қазақстан Президенті биыл әлемдік қоғамдастық алдында тұрған және жақын перспективадағы халықаралық күн тәртібін қалыптастыратын негізгі сын-қатерлер мен үрдістер жөніндегі ой-пікірімен бөлісті.

– Дипломаттар мен саясаткерлер адамзат жолайрықта тұр дегенді мысал етеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннанның: «Біз әлі де жолайрықта тұрмыз» деп жиі айтатыны есімде. Халықаралық шиеленісті азайтуға қатысты айтар болсақ, бұл жағдай ешқашан өзгермейді. Қазіргі қақтығыстар өңірлік ауқымнан шығып, жаһандық сипатқа ие болды. Әрине, БҰҰ – баламасы жоқ әмбебап ұйым, сондықтан әрбір мемлекетке белгілі бір жауапкершілік жүктеледі. Біріккен Ұлттар Ұйымына қолдау көрсету керек екенін жұрттың бәрі айтады. Бұл – факт. Бірақ Ұйымға қолдау көрсетіп қана қоймай, оған реформа жасау керек. Бұл да шындық. Ашығын айтқан жөн, «Ұйымға тез арада реформа жасалады» дегенге ешкім сенбейді. Өйткені БҰҰ-ны реформалау, өзгерту, қызметін қайта қарау мәселесін көптен бері көтеріп жүрміз. Одан ешқандай нәтиже шыққан жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінен басталуы керек екенін мойындауымыз қажет, – деді Мемлекет

басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі көшбасшылардың бойынан табылуға тиіс қасиеттерге тоқталды.

– Жаһандық көшбасшылар, әлемнің әр қиырындағы жекелеген мемлекеттердің жетекшілері, ең алдымен, халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауы қажет деп санаймын. Қазіргі сәтте стратегиялық ұстамдылық өте маңызды. Менің ойымша, бүгінгі күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы әлемдегі шиеленістердің түйінін тарқату аса қиын емес. Жай ғана жауапкершілік танытып, сабырлы болу қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалға қатысты пікірін жеткізді. Президент келіссөздер барысында басты мәселелерге ден қою керек деп санайды.

– Әлемде орын алған жағдайларға байыппен қарауға кеңес берер едім. Мәселен, бәрі Иранды талқылап жатыр. Әрине, бұл елдегі ахуал өте күрделі. Оған қатысты қандай да бір пікір айту қиын. Қазақстан Шығанақтағы елдерге тілектестігін білдірді. Біз тараптарды стратегиялық ұстамдылыққа және әскери іс-қимылды



тоқтатуға шақырды. Бұл қақтығыстың ауыр салдарын бәрі сезінді. Ең әуелі экономика құлдырады. Бүгінде Ормуз бұғазында кемелердің еркін жүзуіне қойылған тосқауыл туралы айтылып жатыр. Бірақ дәліздің қақтығысқа дейін еркін сауда жасауға ашық болғанын ескеру қажет. Сондықтан мәселенің мәніне үңілгеніміз жөн. Ал түйткіл ядролық технология мен ядролық қарудың таралуында еді. Бұл Иран төңірегіндегі қақтығысқа қатысты келіссөздердің басты тақырыбына айналуы керек. Бірақ қазір жаһандық сауда мәселесін талқылауға көшіп кеттік. Қиындықтарға қарамастан, ғаламдық сауда-саттық көлемі өсіп келеді. Былтырдың өзінде өсім 2,5 пайызды құрады. Яғни әлемдік саудадағы жағдай жаман емес. Алайда сауда-саттықтың сапасы мен мазмұны – үлкен проблема, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сонымен қатар Қауіпсіздік Кеңесі тұрақты мүшелерінің ұстанымын Ұйымдағы дағдарыстың басты себептерінің бірі ретінде атады.

– Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау туралы айтқанда, барынша прагматикалық көзқарас ұстануымыз керек деп санаймын. Әйтпесе, алдағы уақытта да жолайрық, стратегиялық құндылықтар мен басқа мәселелер жайында айта береміз. Біз жаһандық, өңірлік кездесулер, конференциялар мен түрлі жиындар өткіземіз. Қазақстан және Түркия сияқты орта державалардың маңызы мен оң ықпалын атап өткім келеді. Әрине, әлемде бізге



ешкім тең келмейді деп мақтанудан аулақпын. Бірақ жаһандық үдерістерде жоғары деңгейде жауапкершілік танытып жүрміз. Мұны дипломатиялық іс-әрекетіміз көрсетіп отыр. Сондықтан жаһандық мәселелердің шешіміне жиі қарсы келетін Қауіпсіздік Кеңесіндегі ірі державалардан гөрі орта державалардың жауапкершілігі жоғары десек, артық болмайды, – деді Мемлекет басшысы. Келесі сұрақты қою алдында Мевлют Чавушоглы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиядағы тәжірибесінің мол екеніне назар аударды.

– Президент Тоқаев – халықаралық жүйені, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымын өте жақсы білетін әлемдік көшбасшылардың бірі. Ол БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымында қызмет еткенін білесіздер. Сол уақытта мен Еуропа Кеңесі Парламенттік ассамблеясының төрағасы болдым. Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас Қазақстан халқының игілігі жолында аянбай еңбек ете жүріп, халықаралық жүйенің тиімділігін барынша арттыруға үлес қосып келеді, – деді модератор.

Мемлекет басшысы БҰҰ мен басқа да халықаралық институттарды жетілдіру жөніндегі ойымен бөлісті.

– Біз өңірлік және жаһандық қақтығыстарды талқылаймыз. Алайда Сіз Түркияның бұрынғы сыртқы істер министрі ретінде келіссөздер БҰҰ мен басқа да ірі халықаралық ұйымдар алаңында емес, одан тысқары жерлерде өтіп жатқанын аңғарған шығарсыз. Тараптар БҰҰ-да емес, белгілі бір елдердің астаналарында, жекелеген конференц-залдарда кездеседі. БҰҰ жоғары өкілдерінің қақтығыстарға арағайындық жасағанын көре бермейміз. Бұл ойланатын мәселе. Демек БҰҰ-ның рөлі төмендеп кетті деген сөз. Мен оған қатты алаңдаймын. Өйткені өзім де БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдарда қызмет еттім. Қазір жұрт келесі БҰҰ Бас хатшысы кім болады деген тақырыпты талқылап жатыр. Менің ойымша, бұл аса маңызды емес. Ең басты түйткіл, ұйым қазіргі күйінде әрі қарай қызметін жалғастыра ала ма? – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектінің халықаралық ұйымдар қызметіне ықпалын зерделеуге шақырып, жаһандық Ұйымды түбегейлі реформалау қажет екеніне тоқталды.

– Өлгінде айтқанымдай, өте өзекті халықаралық мәселелердің шешілуіне Қауіпсіздік Кеңесінің өзі кедергі келтіріп отыр. Бұл оғаш, бәлкім, ақылға сыймайтын жағдай. Адамдар, дипломаттар мен саясаткерлер басқа алаңдарда келіссөз жүргізуге мәжбүр. Айтпақшы, бұл проблеманы былтыр қыркүйек айында өткен БҰҰ Бас ассамблеясының кезекті сессиясында Президент Дональд Трамп дәл сипаттады. Мен онымен толық келісемін. Ол БҰҰ

штаб-пәтеріндегі бұзылған телесуфлер мен эскалаторды сынға алып, «БҰҰ-да бәрі істен шыққан!» деді. Алайда ең маңызды мәселе – Біріккен Ұлттар Ұйымында және басқа да халықаралық құрылымдарда бейбітшілікті сақтау үдерісі тоқырап тұр. Мен – көпжақты дипломатияның жақтаушысымын. Бейбітшілікке бастайтын әділдік идеясының төңірегіне топтасқан адамзаттың жарқын болашағына әлі де сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, БҰҰ-ға уақыт талабына сай келмейтін идеялар мен ұстанымдардан арылу қажет.

– Аталған Ұйымның негізі 80 жыл бұрын қаланды. Кейбір адамдар ұйым әбден ескірді, құлдырап бара жатыр деген пікір айтады. Келісуге тура келеді. Бізге БҰҰ Жарғысына мұқият мән берген жөн. Жарғыда «дұшпан мемлекеттер» деген ұғым бар. Рас, 80 жыл бұрын бәрі түсінікті еді. Ал қазір әлгі «жау елдер» Ұйымды қаржыландыру және бейбітшілікті қолдау ісінде маңызды рөл атқарып отыр. Ең бастысы – БҰҰ-ның беделін көтеріп, тиімділігін арттыру, – деді ол.

Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев превентивті дипломатияның қақтығыстарды тоқтатуда өте өзекті екеніне мән берді.

– Бұл тақырып бұрыннан талқыланып келеді, кемінде 30 жыл болды. Бірақ өзгерген ештеңе жоқ. Жағдай ділмәр сөз, декларация күйінде қалып жатыр. Өңірлік және жаһандық шиеленістерді болжауға баса мән берген жөн деп ойлаймын. Превентивті дипломатия дегеніміз – осы. Сонымен қатар біз көпжақты тиімді дипломатияға қолдау көрсету үшін күш-жігерімізді біріктіру керек, – деді Қазақстан Президенті.

Солтүстік Македония Президенті Гордана Сияновска-Давкова Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ өз жұмысында превентивті дипломатияға баса назар аудару керек деген пікіріне қолдау білдірді.

– Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропа Одағы әу баста әлемде бейбітшілік орнату үшін құрылған. Дегенмен екі құрылым да соғыспен бетпе-бет келіп, сәтсіздікке ұшырады. Неліктен бұлай болды? Өйткені превентивті дипломатия жоқ. Тоқаев мырза превентивті және проактивті дипломатия жайында айтты. Саяси шешімдер қабылдауда бізге осындай оң үлгі жетпей тұр, – деді Солтүстік Македония Президенті.

Сондай-ақ панелдік пікірталасқа Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзе қатысты.



анық. Ол өзінің жүріп өткен жолы, оқуға түсе алмай қалған сәттегі қиындықтарды қалай жеңгені және бұл кәсіпке қалай келгені туралы сұрақтарымызға да жауап қатты.

Ағамыздың айтқан мына ойлары біз секілді өскелең ұрпаққа үлкен бағыт-бағдар болды:

Ата-ананың разылығын алу, әр істің берекесі ата-ананың ақ батасында екен сонымен қатар әр адамның бойындағы жасырын мүмкіндікті (потенциалды) тани білудің маңыздылығы мен уақыт қадірі яғни бүгінгі істі бүгін аяқтау қағидасының табысқа жетелейтіні.

Алғыс пен тілек. Ағамыздың елім деп соққан жүрегіне, ақыл-парасаты мен жайдары жүзіне, қолының ашықтығына тәнті болдық. Қарапайым етікшілікті биік өнер деңгейіне көтерген Самғау Нәсіпханұлына айтар алғысымыз шексіз. Қазақстандық

Ата кәсіптің алтын діңгегі:

САМҒАУ НӘСІПХАНҰЛЫМЕН КЕЗДЕСУ

Қолөнер – таусылмас қазына. Ал сол қазынаның кілтін тауып, қарапайым теріден өнер туындысын жасап шығару кез келгеннің қолынан келе бермейді. Самғау Нәсіпханұлы – әрбір тігетін киіміне ықыласын, әрбір қадамына төзімін сыйғызып, отандық брендтің негізін қалаған бірегей етікші. Жаппай тұтыну мен дайын өнім дәуірінде ата кәсіпті дөңгелетіп, оны жаңа бір шыңға шығару – нағыз еңбекқорлық пен патриотизмнің үлгісі.

Марқакөлден шыққан шебер ұл. Самғау ағамыз – өзіміздің мақтанышымыз. Ол 2006-2009 жылдары Марқакөл мектеп-интернат-колледжінде «Машинист» мамандығы бойынша білім алған екен.

Бүгінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың, әлемге әйгілі әнші Димаш Құдайбергеннің аяқ киімдерін тігіп, есімі елге танылған шебер ұл туған ауылына қайта ат басын бұрды. Ауылдың игі жақсыларымен кездесіп, өзі түлеп ұшқан оқу ордасына арнайы келіп, жағдай сұрасқан ағамызды көргенде біз де маз-мейрам болдық.

Ашық әңгіме мен асыл кеңес. Кездесу барысында ағамызбен «Ашық алаң» форматында дидакталасып, көкейімізде жүрген сұрақтарымызды қойдық. Самғау Нәсіпханұлының әр сұраққа шынайы жауап беріп, емірене үн қатқаны біздің жадымызда ұзақ сақталары



брендті әлемге танытуды көздеп жүрген ағамыздың ісіне береке тілейміз!

ӘДІЛ Жансая,

«Марқакөл ауылының
мектеп-интернат-колледжі»
КММ 11-сынып оқушысы.

Жетекшісі: ИСАЕВА Динара Асқарқызы,
тарих пәнінің мұғалімі. Педагогика
ғылымдарының магистрі.

Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы
<https://el.kz/>



СӘУІРДЕГІ КӨКШЕТАУ

Кәкімбек Салықов

Көкшетауды аңсап келіп тапқандай,
Ақша бұлттар ағындайды ақ маңдай.
Елестейді пейіштегі Құлагер
Тау үстімен шауып бара жатқандай.
Ақша бұлттар – желбіреген ақ тулар,
Алып келген айналамда шалқу бар.
«Гәккулеткен» дәуір туды сәуірде,
Сексен көлге қонып жатыр аққулар.
Бұлттар келсе басылады тау мұңы,
Ақ жаңбырдың ақ күмістей жауды үні.
Көзге оралды
Жеңіс күнгі ауылда,
Жан анамның шашу шашқан жаулығы.
Ақша бұлттар тау үстінде аунаған,
Көктем дертін алып келді сау маған.
Қырқа бойлап бара жатыр қызғалдақ,
Қызыл көйлек киген қыздан аумаған.
Аққу қонса біздің көлге майтабан,
Аңсаған құс аяулыма ән табам.
Ақша бұлттар, жылы жаңбыр төксең де,
Қар жаумаса жарар еді қайтадан...

СӘУІРДІҢ СҰЛУСАРЫСЫ ТУДЫ...

Ғалым Жайлыбай

Сәуірдің сұлусарысы туды,
Айым да туды оңынан,
Тас тұяқтардың дыбысы сынды –
Дүрмекті таңға жолығам.
Тұңғиықтарда мұңым бар еді,
Сырым бар еді.
Ашпаған.
Қандырдың қанша шырынға мені
Татуға енді жасқанам.
Шайырым сері
Сейіс көңілмен,
Сезім сұңқарын баптасын.
Бауырым бұрсын пейіш төрінен

Бақыт бұлаққа ат басын...
Дүбірге мынау дүрбімен емес,
Жанармен қара,
Жарай ма?
Келер күндерден бір күрең елес –
Күдікпен бізге қарай ма?
Жалғыз қайыңды жай ұрған күні,
Кеудемді менің тескен оқ.
Тұңғиығымның шайылған мұңы
Тірлікте қалған дос керек.
Зеңгірді тіліп қыран ұшқанда,
Тербеген еді тосын ән.
Қол жайып тілеп қуаныш таңға
Нұр ағыстарға қосылам.
Сан армандарым сайға құлаған,
Гүл шыбық көктер –
Жыршы үміт.
Ащы мен тұщы майданы болған,
Ғажапсың ғазал тіршілік...

СӘУІР

Айтқали Нәріков

Танытты жайдарылық сәуір бүгін,
Соңына сақтаған-ау тәуір күнін.
Үйден бір жеңіл-желпі шығайыншы,
Түссінші иықтағы ауыр «жүгім».
Осынша неге іріктің шуағыңды,
(Қаталдық қатқан мұзды куә қылды).
Ызғарды неге жуып кетпеді екен,
Жүгірген сай қуалай су ағынды.
Мұртындай бозбаланың түбіттеген,
Бүршігі көзге тіпті ілікпеген.
Көк көйлек киіп қашан шығады деп,
Қарадым теректерге үмітпенен.
Арқадан азынап бір жел ескелі,
Шөптердің сұрқы қашты белестегі.
Көктемнің көкорайы көз үйренген,
Ей, сәуір, сенің сәнің емес пе еді?..
Қойсаң да қабақ ашпай көпке дейін,
Шуақты сақтамапсың текке кейін.
Құлпырттың дүниені бір-ақ күнде,
Сондықтан саған қалай өкпелейін.



Халықаралық ғылыми жарыстар жас зерттеушілер үшін тек білім бәсекесі ғана емес, сонымен бірге жаңа мәдени ортаға бойлап, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналып отыр.

ҚАЗАҚСТАНДЫ КӨРУДІ АРМАНДАҒАН ЖАС ЗЕРТТЕУШІ - АЛИНДА ТАШАТАР


Солардың бірі - Түркиядан келген 12-сынып оқушысы, жас зерттеуші Алинда Ташатар. Ол Ө.Жолдасбеков атындағы халықаралық ғылыми жобалар конкурсында алтын жүлде иеленіп, Қазақстан туралы әсерімен бөлісті.

«Бұл сапар мен үшін мазмұны терең, ерекше шабыт

Ғылыми жобасын жауапкершілікпен әрі тыңғылықты әзірлеген Алинда үшін бұл сапар тек байқауға қатысу емес, көптен күткен арманының жүзеге асуы болғанын атап өтті. Оның айтуынша, конкурс оған жаңа тәжірибе мен кәсіби шабыт сыйлаған.

«Осындай нәтижеге қол жеткізгеніме өте қуаныштымын әрі ризамын. Барлық қатысушылардың жобалары жоғары деңгейде болды, әрқайсысының еңбегі айқын көрінді. Сондықтан өзімнің жеңіске жететініме сенімді болмаған едім. Алтын медаль алу мен үшін үлкен қуаныш. Байқау өте әсерлі өтті, өз жобамды таныстырған сәтте қобалжығаным рас. Бірақ басқа қатысушылардың қолдауы мен жылы қарым-қатынасы маған күш берді. Сонымен қатар көптеген оқушылармен достасып, олардың зерттеу жұмыстарымен таныстым. Бұл мен үшін құнды тәжірибе болды», - деді Алинда Ташатар.

Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайтынан алынды.



сыйлаған тәжірибе болды. Бала кезімнен Қазақстанды көргім келетін. Сол арманымның орындалғанына қуаныштымын. Алдағы уақытта қайта келіп, бірнеше ай осында болғым келеді. Қонақжай қабылдауларыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін», - деді жас дарын.



ЖАСТАР ЖӘНЕ ЕРІКТІЛІК



Жастар және еріктілік – қазіргі қоғамның маңызды әрі өзекті тақырыптарының бірі. Еріктілік – бұл адамдардың өз еркімен, ақысыз түрде қоғамға пайдалы іс атқаруы. Әсіресе жастар үшін еріктілік тек көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар тұлғалық дамудың маңызды жолы болып табылады.

Қазақстандағы еріктілік қозғалысы. Қазақстанда еріктілік қозғалысы жыл сайын дамып келеді. Ресми деректерге сүйенсек, елімізде 755 волонтерлік ұйым, 2000-нан астам бастамашыл топ және шамамен 275 мың белсенді ерікті бар. Сонымен қатар, тек 2024 жылдың өзінде 5,6 мыңнан астам волонтерлік іс-шара ұйымдастырылған. Ал жалпы еріктілер саны соңғы жылдары өсіп, 240 мыңнан астам адамға жеткені көрсетіледі. Бұл көрсеткіштер жастардың қоғам өміріне белсенді араласып, ел дамуына өз үлесін қосып жатқанын дәлелдейді.

Менің волонтерлік тәжірибем. Мен де еріктілік қызметке қатысып, өз тәжірибемді жинақтадым. Мен IQANAT олимпиадасының финалисті болып, оның 1-2 кезеңдерінде волонтер болдым. Бұл кезеңдерде мен қатысушыларға тест тапсыру кезінде нұсқаулық көрсетіп, бағыт бердім. Сонымен қатар, оларды жатақханаға

орналастыруға көмектесіп, топтарға бөліп, асханаға апарып отырдым. Қатысушылардың аты-жөндерін түгелдеп, іс-шараның дұрыс ұйымдастырылуына өз үлесімді қостым.

Еріктіліктің пайдасы. Еріктілік маған жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қабілеттерді үйретті. Адамдармен қарым-қатынас жасау, тез шешім қабылдау және командамен жұмыс істеу дағдыларым дамыды. Мұндай тәжірибе болашақта үлкен рөл атқарады.

ТҮЙІН:

Еріктілік – бұл тек көмек көрсету емес, ол – өзін дамыту жолы. Қазақстанда бұл қозғалыстың дамуы жастардың белсенділігін көрсетеді. Сондықтан әрбір жас еріктілікке қатысып, қоғамға өз үлесін қосуға ұмтылуы керек.

Мадина ҚАНАТҚЫЗЫ
Шымкент қаласы,
ЖШС «Қазыбек» ЖББМ-нің
11-сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz желілік басылым
сайтының Жас тілшісі

Қолданылған деректер:

1. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. Волонтерлік қызмет туралы мәліметтер. – gov.kz
2. Қазақстандағы еріктілер қозғалысы бойынша ресми статистика, 2024 жыл
3. Интернет ресурстар



«АНА ТІЛІ АРЫҢ БҰЛ»

Ең алдымен ана тілі дегеніміз – адамның ерте балалық шағында арнайы оқытусыз, тиісті тілдік ортада меңгеретін тілі («бірінші тіл») болады. Бала ерте жастан бастап белгілі бір деңгейде бірнеше тілді де меңгере алады, мұндай жағдайда оның екі немесе одан да көп ана тілі болуы мүмкін. Ең қызығы, әлем бойынша мыңдаған тілдердің түрлері бар және соған байланысты барлық аймақтың өзінің ана тілі болады. Олар қытай тілі, ағылшын тілі, француз тілі, кәріс тілі, жапон тілі, испан тілі, орыс тілі, араб тілі және біздің елге қатысы бар тіл әрине ана тілі-қазақ тілі.

Қазақ тілі – түркі тілдер тобына жататын тіл. Оның тарихы мыңдаған жылдарға созылып, алғашқы жазба ескерткіштеріміздің бірі 9-10 ғасырларда пайда болған «Құтты білік» және «Оғызнама» сияқты шығармалардан басталады. Қазақ тілінің дамуының негізгі кезеңдері ретінде XIX-XX ғасырлардағы тіл саясаты мен ауыз әдебиетінің рөлі маңызды болып табылады. Тілдің лексикалық қоры байып, грамматикалық құрылымы қалыптасқан кезеңдер осы уақытта жүзеге асты. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды, бұл тілдің дамуына тың серпін берді.

Қазіргі қазақ тілі қоғамның барлық саласында қолданылады. Мектептерде қазақ тілі пәні міндетті түрде оқытылады, бірақ қала мен ауылдар арасындағы тілдік жағдай айырмашылығы байқалады. Әсіресе, жастар арасында орыс тілі мен ағылшын тілінің кеңінен қолданылуы қазақ тілінің күнделікті өмірде қолданылу аясын шектейді.

Қазақ тілінің дамуына кері әсер ететін негізгі себептердің бірі – жастардың еліктеушілігі. Жасөспірімдер батыс мәдениетіне қызығып, сол тілде сөйлеуге ұмтылады, нәтижесінде ана тілін қолдану азаяды. Жаһандану мен технологиялық прогресс түрлі мәдениеттердің араласуын күшейтіп, бұл үрдісті одан әрі тереңдетуде.

Тағы бір себеп – патриоттық сезімнің әлсіреуі. Кейбір жастар өз тілінен ұялып, басқа тілде сөйлеуді дұрыс көреді. Сондықтан қазақ тілін дамыту үшін жастарға тартымды, заманауи жобаларды қолдау қажет. Мысалы, қазақ тіліндегі комикстер, ұлттық стильдегі киім брендтері сияқты бастамалар тіл мен мәдениетке қызығушылықты арттырады.

Қазақ тілі мәселелерін алдын алып шешу, дамыту үшін тек теория емес, нақты іске асатын қадамдар мен жолдар керек. Соның ішінде төмендегі бағыттар ерекше маңызды:

1. Ұлттық мектеп тәжірибесін кеңейту

Ұлттық мектептерде тіл мен әдебиет тереңдетіліп оқытылады, оқушылар шешендік өнерді меңгереді, қосымша кітаптар мен әдістемелік құралдар дайындалады.

Бұл тәжірибені барлық білім беру ұйымдарына енгізу қажет. Нәтижесінде оқушылар тек білім алып қана қоймай, еркін сөйлеу, ойды дәл жеткізу қабілеттерін дамытады.

2. Ғылыми жобаларды нақты өнімге айналдыру

Қазақ тілі бағытындағы ғылыми

жобалар тек байқаумен шектелмеуі тиіс. Әсіресе 1 орын мен бас жүлде алған жобаларды қоғам игілігіне енгізу қажет.

Мәселен, олар: тіл үйрететін қосымша, қазақша білім платформасы, терминологиялық база түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ғылымның нақты пайдасын арттырады.

3. Әлеуметтік желілерде қазақ тілін трендке айналдыру

Қазіргі жастардың негізгі ортасы – әлеуметтік желілер. Сондықтан:

TikTok-та қысқа танымдық видеолар

Instagram-да сапалы визуалды контент

Telegram-да пайдалы материалдар арқылы қазақ тілін кеңінен насихаттау қажет. Бұл тілді күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналдырады. (Мен білетін @Kazakh.speaking.club инстаграмм парақшасы, Қазақ бабыл және Калькасыз қазақ тілі телеграмм парақшарлары өте пайдалы)

4. Қазақ тіліндегі креативті ойындар мен өнімдер жасау

Тілді дамыту тек кітаппен шектелмеуі тиіс. Қазақ тілінде ойындар, викториналар, челлендж жасап оны жалғастыру,



сөздік квесттер жасау арқылы жастардың қызығушылығын арттыруға болады. Бұл тәсіл тіл үйренуді жеңіл әрі қызықты етеді.

Жоғарыда айтыла кеткен ұсыныстарға сүйеніп, мән беріп, орындап бастасақ мен өзіміздің елімізге үлкен пайдасын тигізетінімізге сенімдімін.

Қазақ тілін дамыту – тек оны сақтау емес, оны заманға бейімдеу. Егер тіл білімде, технологияда, ғылымда және күнделікті өмірде кеңінен қолданылса, ол табиғи түрде дамиды. Әрбір азамат өз үлесін қосқанда ғана қазақ тілі шынмәнінде дамып, болашақ ұрпаққа толыққанды жетеді.

МАРАТОВА Сабина,
Абай Ұлттық мектебінің 11-сынып
оқушысы,
Республикалық «Farabi shakirti»
журналы
мен www.farabishakirti.kz желілік
басылым — сайтының Жас тілшісі.
Жетекшісі: Мерзоянова Меруерт
Өмірсерікқызы
Сурет: <https://egemen.kz/>



«Отаншылдық – елдің негізі»



Тастұмсық ауылдық кітапханасы және «Нұр-бала» бөбекжай - бақшасы ЖШС-і ұжымымен патриоттық бағыттағы 26 наурыз күні «Отаншылдық – елдің негізі» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Тәрбие сағатына бөбекжай-бақшаның «Күншуақ» мектепалды даярлық тобының бүлдіршіндері қатысты. Кітапханашы «Отаншыл тұлға деген кім?» атты аудармашы М.Кемелдің әңгімесін оқып беріп, тәрбиеленушілермен «Отан және мен» атты танымдық ойын жүргізді.

Жас балдырған оқырмандарымыз Р.Мурат «Басты бақыт», А.Мирсахатова «Ел тірегі боламын», А.Мустафаева «Отаным – Қазақстаным» атты тақпақтарды жатқа айтып берді. Тәрбиеші В.Кравченко «Отаншыл ұрпақ – ел ертеңі» деген тақырыпта сұқбат жүргізіп, балалардың санасына мемлекет тарихы, мемлекетіміздің рәміздері туралы маңызды ақпараттар берді.

Тәрбие сағаты соңында «Отаным – асқарым, сарқылмас бастауым» тақырыбында бүлдіршіндерге арналған суретті кітаптардан бүлдіршіндер кітап көрмесі оқырман назарына ұсынылды.

ТОПАНБАЙ Мейірхан Мейрамбекұлы,
Түлкібас аудандық орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі
Тастұмсық ауылдық кітапханасының
кітапханашысы,
Ф.ғ.к.аға оқытушы Кайырбекова Ұ. С.
Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының
магистранты

ОТАН

Қанипа Бұғыбаева

Туған Отан, сарқылмайтын сен жырым,
Шабыт берді, шалқар, шетсіз кендігің.
Кеудемдегі саған деген жалынды,
Жеткізе алмай жүргендеймін мен бүгін.
Туған Отан, асқар биік тауым сен,
Арай шашып атқан алау таңым сен.
Құшағыңда қуаныштан мың толқып,
Шырқайтұғын мәңгі бақи әнім сен!
Аспанымда күліп тұрсың күнім боп,
Саған деген жүрегімде жырым көп.
Болашаққа барады әне жарысып,
Перзенттерің уақытпен дүбірлеп.
Туған Отан – өмірдің өлеңі,
Айтып болмас шабытқа шын бөледі.
Бақытымды көрдің бе деп, әлемге
Бар даусыммен айғай салғым келеді!

ОТАНДЫ СҮЮ, ӨЗІңДІ СҮЮ – БІР ҰҒЫМ

Кеңшілік Мырзабеков

Отанды сүю, өзіңді сүю – бір ұғым,
Отаннан тарар
тамырың менен түбірің.
Отаның сонда жүрегің болып шықпай ма,
Өзіңнен артық кім білмек жүрек дірілін?..
Отаның, демек, өзіңнің құйттай жүрегің,
Жүрегің қақса, сенің де заңды жүдеуің.
Жарыла жүрек, қуанар кезің болса да,
Қабынып жүрек, қорқа көрмесін – тілеуім.
Қуану, қорқу тұрар ма бірақ алмаспай,
Отаның – анаң, төзіміне адам нанбастай.
Ауырса анаң, таба алсаң емін болғаны –
Еш жақтан сондай балгер де іздеп, бал да ашпай...

Дереккөзі: <https://bilim-all.kz/>





«AbaiLAB» платформасы:

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ (ЖИ)

Абай ЖИ арқылы үш тілде сөйлеп, балалық, жастық және кемел шағы туралы тақтадағы жазылған сұрақтар пернесін басып, оқушы жауабын тапқанда, дұрысын қоштап күліп, қате жауапқа қабақ түйеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Басты мақсат – цифрлық технологиялар мен ЖИ-ді мемлекеттік қызметтерден бастап экономика, денсаулық сақтау және білім беру салаларына дейін кеңінен енгізу.

Мемлекет басшысы Жарлығы негізінде елімізде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылғаны – барлық салада, соның ішінде мектеп мұғалімдерінің де Жасанды интеллект мүмкіндіктерін игеріп, сабақ өткізуге пайдалану қажет екені талап етілуде.

Таңдаған мамандығына өмірін арнауды мақсат етіп, еліміз бойынша әр салада жаңашылдықты дамытып, заман үрдісіне үн қосқан жастарды кездестіргенде, ойымызға Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың «...Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген ұлағатты сөзі еске түседі. Жастарымыз мейлінше қазаққа қызмет ету үшін кәсіби біліктілігін арттырып, еңбек етіп келе жатқан саласына тер төгуде.

Жасындай жалындаған жастар туралы айтқанымызда Абай Ұлттық мектебін айналып өте алмаймыз. Мектептің барлық мұғалімдері уақытын шәкірттеріне сапалы білім беру мен тәрбиелеуге арнауда. Мектептің жас ұстаздары деп жаңашылдығын тілге тиек еткенде, шебер-педагог, Философия докторы (PhD), ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «2022 жылдың Үздік педагогі», «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері Майра Маликқызының білім берудегі жетістігі туралы сүйсіне айтамыз. Ұстаз Абай ілімін білім беру мекемесінде дамытып, Абайдың шығармаларын басқа пәндермен байланысын зерттеп, шәкірттерін баулып келеді.

Абай Ұлттық мектебінде отандық педагогика тарихындағы айтулы оқиға орын алды. Жасанды интеллект (AI) негізінде әзірленген, баламасы жоқ «AbaiLAB» білім беру платформасының ресми тұсаукесері өтті. Бұл – жай ғана технологиялық өнім емес, бұл – Абайдың «Толық адам» концепциясының цифрлық ренессансы! Ұлт руханиятының темірқазығына айналған Абай Құнанбайұлы: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» - деп, адамзатқа ортақ гуманистік



ой қалдырды. Абай - тек қазақтың ақыны емес, Абай - ұлттық ойлау мәдениетінің реформаторы.

Ол: «Толық адам болу – адам өмірінің мұраты» деп, ұлттың рухани бағдарын айқындап берді. Бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты да – сол толық адам тәрбиелеу идеясына қызмет ету.

Ал бүгінгі ұрпақ сол ұлы мұраны жаңа технология тілімен сөйлетіп, жаңа білім кеңістігіне жол ашып отыр.

«AbaiLAB» – гуманитарлық білім мен жоғары технологиялардың синтезі. Жобаның ғылыми концепциясы Хакім Абайдың философиялық мұрасын қазіргі заманғы нейрожелілер алгоритмі мен ойын технологиясын

интеграциялауға негізделген. Платформаның әдістемелік ерекшелігі – оқушының танымдық қабілетін үш тілдік ортада (қазақ, орыс, ағылшын) когнитивті дамыту. Абайдың қарасөздері мен поэзиясы ЖИ арқылы талданып, оқушыға дербес траекториялық білім бере отырып, «Толық адам» ілімін цифрлық интерфейс арқылы ұрпақ санасына сіңіру, мұғалімдер үшін оқытудың жаңа әдістемелік құралдарын ұсынатын, білім сапасын ЖИ арқылы мониторингтейтін бірегей жүйе.

Мектеп ұстаздары мен оқушылар, арнайы шақырылған қонақтарға «AbaiLAB» платформасымен жұмыс істеу реті көрсетілді. Және сабақта оқушы мен ұстаздың бірігіп, тапсырма орындау барысы таныстырылды. Дайын платформа қазақ, орыс және ағылшын тілінде дайындалған. Онда сауалнамалар, сұрақтар арқылы оқушының алғырлығы, логика жүйріктігі, Абайтану білімін оқудағы тереңдігі байқалады.

Ғалым-ұстаздың көпжылдық зерттеулері мен әдістемелік



жұмысының нәтижелі шыққанын айту керек.

Салтанатты шара «Ертұран» күйінің рухты үнімен ашылып, белгілі журналист Ришат Асқарбекұлы, «Алматы Дарыны» орталығының маманы Қарашаш Қайсақызы, директордың бейін істер жөніндегі орынбасары Қизат Тілеуберді электронды лента қию рәсімін жасады.

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан...» – Ұлы Абайдың бұл өсиеті бүгін «AbaiLAB» арқылы цифрлық әлемнің іргетасы болып қаланын айтқан платформаның тұсаукесер рәсіміне қатысқан ұстаздар мен қонақтар алдағы уақытта белең алып, еліміз мектептеріне кеңінен тарауына тілектестік білдірді. Абай ұлттық мектебінің директоры Қайрат Манатбекұлы «AbaiLAB» платформасы туралы ойымен бөлісті.

Бүгінгі AbaiLAB платформасы - сол рухани кірпіштің жаңа цифрлық іргетасы. Ал бүгінгі ұрпақ сол терең танымды жаңа технология арқылы жалғастырып отыр. AbaiLAB - ұлттық рух пен цифрлық білімді біріктірген жаңа дәуір жобасы.

Ж.Кучукова,
Республикалық «Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz желілік басылым
сайтының бас редакторы

ізденістері бүгін ЖИ көмегімен жасалған кешенді білім алаңына айналғанын айтқанымызбен, «AbaiLAB» платформасын құруға шеберлік, бағдарлама түзетудегі біліктілігі жоғары АІ мамандарының біріге орындаған





Қазақ білім беру жүйесінде ерекше орны бар тұлғалардың бірі – Қанипа Бітібаева. Ол – қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесін жаңа деңгейге көтерген, шәкірт тәрбиесіне бар ғұмырын арнаған ұлағатты ұстаз. Оның педагогикалық еңбегі қазақ мектептерінде әдебиетті оқытуда жаңа бағыт қалыптастырып, көптеген мұғалімдер мен оқушыларға үлгі болды.

ҚАНИПА БІТІБАЕВА – ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Қанипа Омарғалиқызы 1945 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданындағы Комсомол ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Әкесі Ұлы Отан соғысының мүгедегі болса, анасы «Батыр ана» атағына ие болған. Болашақ ұстаз бала кезінен білімге құштар болып өсіп, мектепте үздік оқушылардың қатарында болды. 1963 жылы Абай атындағы орта мектепті аяқтағаннан кейін, Семей қаласындағы Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түсіп, оны үздік дипломмен тәмамдайды.

Студенттік жылдары ол тек білім алумен ғана шектелмей, өнерге де жақын болды. Институт қабырғасында жүріп халық театрында өнер көрсетіп, түрлі қойылымдарда басты рөлдерді сомдаған. Бұл оның шығармашылық қабілетінің жоғары болғанын көрсетеді. Кейін осы шығармашылық қасиет оның сабақ беру әдісінде де байқалды: ол әдебиетті жай ғана түсіндіріп қоймай, оны сахналық көріністер, пікірталас, шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушыларға қызықты етіп жеткізді.

Қанипа Бітібаева ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарып, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне көптеген жаңалық енгізді. Ол оқушыларды тек мәтінді жаттауға емес, шығарманы терең түсініп, өз ойын еркін айтуға үйретті. Ұстаздың пікірінше, әдебиет сабағы оқушының рухани дүниесін байытып, оның азаматтық көзқарасын қалыптастыруы керек. Сондықтан ол сабақ барысында пікірталас, шығармашылық жұмыс, эссе жазу сияқты әдістерді жиі қолданған.

Ұстаздың еңбегі жоғары бағаланып, ол Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі атанды, сондай-ақ «Құрмет» орденімен марапатталды. Сонымен қатар ол педагогика ғылымына да үлкен үлес қосып, көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектер жазды. Оның «Егіз өрім» атты педагогикалық эсселер жинағы ұстаздық тәжірибесінің


жемісі болып саналады. Бұл еңбектерде ол оқыту әдістері, шәкірт тәрбиесі және әдебиетті терең оқыту жолдары туралы ойларын бөліскен.

Қанипа Бітібаеваның есімі бүгінгі күні де құрметпен аталады. Оның құрметіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Республикалық олимпиада ұйымдастырылып келеді. Бұл білім жарысы дарынды оқушылардың қабілетін дамытуға және қазақ әдебиетін терең меңгеруге бағытталған.

Мен үшін де бұл ұстаздың еңбегі ерекше шабыт береді. Қазақ тілі мен әдебиетін терең меңгеріп, білімімді сынау мақсатында өткен аудандық олимпиадаға қатысып, 1-орынға ие болдым. Бұл жеңіс мен үшін үлкен қуаныш әрі жауапкершілік. Енді мені қалалық кезең күтіп тұр. Сол кезеңде де бар білімімді көрсетіп, жақсы нәтиже көрсетуге тырысамын.

Қорытындылай келе, Қанипа Бітібаева – қазақ педагогикасының биік тұлғаларының бірі. Оның ұстаздық жолы, білімге деген адалдығы және шәкірт тәрбиесіне қосқан үлесі кейінгі ұрпаққа әрқашан үлгі болып қала береді. Осындай ұлы ұстаздардың еңбегі жас буынға білім жолында талмай еңбектенуге, биік мақсаттарға ұмтылуға жігер береді.

Аружан МӘУЛІТ,
Алматы қаласы Білім
басқармасының
Әуезов ауданы, «№13
мектеп-гимназиясының»
11-сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi
shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі



«Ақжар-Мәскеу» деректі фильмі туралы қысқаша баяндау

Маған туған өлкемнің тарихын зерттеу ұнайды. Шығыс Қазақстан мен Абай облысының табиғаты талайды тамсандырса, адам өмірінің күре тамыры – әр ауылда туып-өсіп, елімізді түлетуге үлес қосқан тұлғалары өз алдына. Елімнің шығысы туралы әңгіме басталғанда, дәуір данасы Абай, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов, Қайым Мұхамедханов, Париждің төрінде ән салып, шетелдіктерді аузына қаратқан Әміре Қашаубаевтай сұңғыланың есімін мақтанышпен атаймыз.



Бүгінгі еліміздің жастарына жалынды жырлары мен қайталанбас проза жанрына түрен салған ақын-жазушылардың шығармаларын оқып, тарихымыздан тәмсіл алудамыз. Оралхан Бөкей, Ұлықбек Есдәулет, ақын апаларымыз Тұрсынхан Әбдрахманова, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Гүлнар Салықбай, Парламент Мәжілісінің депутаты, айтыс ақыны Ринат Зайыттың есімімен қатар сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының басшысы Оралбек Малдыбаевты да ауыл адамдары қатар атайтынының куәсі болдым.

Облыс орталығы – Өскемен қаласындағы А.С.Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасына

барғанымда, Оралбек аға туралы мәліметтерді іздедім. Кітапхана архивінде Оралбек Малдыбаевтың «Ақжардан-Москваға» атты кітап жазғаны айтылған. Кеңес дәуірінде жаңа қырынан дамыған Ақжар ауылы туралы тебірене жазған кітабының желісімен «Ақжар-Москва» деректі фильмі шығарылды. 1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясы Республика атынан Мәскеудің Кремлінде тұңғыш селолық театр ретінде өнер көрсеткен «Ақжар халық театры» жайлы деректі фильм түсіріпті.

1962 жылы 40-қа жуық халық театрлары арасында өткен сайыста «Ақжар халық театры» 1-орын иеленіп, КСРО астанасы Мәскеуде өнер көрсету құрметін жеңіп алған. Қазақ өнерінің мүйізі қарағайдай жампоздары Асанәлі Әшімов пен Сәбит Оразбаевты өнерге әкелген белгілі режиссер Асқар Токпанов, Ақжар ауылына арнайы шақыртылып театр актерлерін Әуезовтың «Қарагөзін» Айтматовтың «Жәмиләсін» сонау Кремль төрінде қоюға дайындаған.

1963 жылы ауыл театрлар арасынан іргетасы кеше қалансада, суырылып шыққан театр туралы «Қазақфильмнің» «Ақжар-Москва» деректі фильмі - бұл да бір тарих парағына жазылған қазақ өнерінің тамаша көрінісі. Фильмнің түп нұсқасы «Қазақ мемлекеттік кино-фото және дыбыс жазу мұрағатында» сақтаулы дейді ақпарат көздері.

Дінмұхаммед АХАНОВ,
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы,
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Қ.Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің 11-сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен
www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының
Жас тілшісі
Жетекшісі: Төкенова Әсел Нұрланқызы,
Қазақ тілі және Әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Дереккөздер:
Wikipedia: <https://share.google>; <https://martebe.kz/>
azharly-auyl-akhzhar/
Сурет: <https://kazpravda.kz/>





Ақынның ізін басқан шәкіртімін

Балалық шағым ауылда өтті. Сол күндерім Мұқағали Мақатаевқа ғашық болып, өлеңдерін жаттап, мүшәйралардан қалмай жүрген кезеңмен есте қалды. Кейбір балалар мықтылықты көліктің маркасымен өлшейтін. Ал мен үшін нағыз мықты – ақиықтың жүз өлеңін жатқа білетін жан еді. Соларға еліктеп, мен де он үш жасқа дейін жетпіске жуық өлең жаттаппын.

Мұқағалиға деген махаббатым мектеп табалдырығын аттамай жатып-ақ оянған. Әлі есімде: анам екеуміз тіс жұлдыруға аудан орталығы — Нарынқолға бардық. Маған ол жақ шетелдей көрінетін. Небір тәттілер, түрлі сусындар... Әсіресе емдетуге апарғанда, анам барынша көңілімді аулап, бар тәттіні алдыма тосатын.

Сондай бір керемет көңіл күймен Тегістікке қайтып келе жатқанымызда анам сұрады:

— Балам, өскенде кім боласың?

— Мұқағали боламын.

— Дұрыс қой, бірақ қандай мамандық иесі боласың?

— Мұқағали ақын ғой, мен де ақын боламын.

— Жоқ, ақындық – қасиет. Ал Мұқағали әрі ақын, әрі журналист болған.

— Онда мен де ақын-журналист боламын.

Мүмкін, бұл сүйіспеншілік табиғаттан, қазақы ортадан, ауыл тіршілігінен дарыған шығар. Әлде періштелер естіді ме, әлде бала қиялының күші ме – мен өлең жаза бастадым. (Өлең дегенім — ол кезде тақпақ не жай ғана бос сөз ғой.) Қиялдай жүріп, айтыс өнеріне де қалам тербедім.

Сол кішкентай баланың арманы әлі де жүрегімде. Бұйырса, ақын-журналист болу жолында барымды салып келемін. Бала қиялы шексіз болады екен ғой. Бір күні қазаққа өз пайдасын тигізген Мұқағали Мақатаев атамдай ақын, Бейсен ағамдай журналист болсам деймін.

Қысқасы, қазақтың ұлына айналған, Ұлы адам боламын.



АХМЕТ Болат Қанатұлы,
Алматы қаласы,
«Абай Ұлттық мектебінің»
11-сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi
shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі.
Сурет: [https://cdn-kz.kursiv.
media/](https://cdn-kz.kursiv.media/)

«СЕНІМ ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН «ТЫҚЫЛДАҚ»



Кейбір адамдар туралы жазу оңай емес. Себебі оларды жай сипаттау жеткіліксіз – оларды сезіну керек. Мен үшін сондай жанның бірі – Рахымжан Отарбаев. Көпшілік оны белгілі жазушы, драматург ретінде таниды. Ал мен оны ең алдымен бала күнімнің бір естелігі, үйіміздің төрінде отырған қарапайым, бірақ ерекше адам ретінде білемін.

Ол ауылға келген сайын үй іші бірден жанданып кететін. Үлкендер әңгімеге кіріссе, мен үнсіз отыра алмайтынмын. Қасына жақындап алып, сұрақты жаудыра беретінмін. «Неге?», «Қалай?» деп тыным бермейтінім бар. Сол үшін мені «тықылдақ» деп атап кетті. Бір қызығы, бұл сөзді ешқашан ұрысып айтпайтын. Керісінше, күліп тұрып, әр сұрағыма шыдаммен жауап беретін. Басқалар мән бермейтін ұсақ дүниелердің өзін түсіндіріп отыратын. Сол сәттерде мен өзімді ерекше маңызды адамдай сезінетінмін.

Ол тек сөзбен емес, ісімен де жақын еді. Келген сайын құр қол келмейтін. Бірде берген ақшасына қызыл тон мен қызыл етік алғаным әлі күнге дейін көз алдымда. Бала үшін одан артық қуаныш бар ма? Бірақ уақыт өте келе мен сол сыйлықтан да маңызды нәрсені алғанымды түсіндім – ол кісінің мейірімі мен ықыласын.

Рахымжан атаның мінезі бөлек болатын. Сырттай қарағанда көп сөйлемейтіндей

көрінетін, бірақ әр сөзі салмақты еді. Кейде оның фотосуреттеріне қарап отырып, көзіндегі ерекше бір отты байқаймын. Ол жай қарапайым көзқарас емес, ішінде толып жатқан ой мен өмірге деген өзгеше көзқарастың белгісіндей сезіледі.

Кейін есейе келе оның шығармаларын оқи бастадым. Сонда ғана бала күнімде түсінбеген дүниелер біртіндеп ашыла бастады. Оның әңгімелерінде өмірдің өзі бар – кейде күлкі арқылы, кейде ащы шындық арқылы беріледі. Оқыған сайын оның жай жазушы емес, адам жанын терең түсінетін тұлға екенін сезінесің.

Өкініштісі – мен онымен шығармалары туралы еркін отырып әңгімелесе алмадым. Қазір ойлаймын: егер ол кісі тірі болғанда, міндетті түрде жанында отырып, әр шығармасының мәнін сұрар едім. Бірақ бұл енді орындалмайтын арман болып қалды.

Есімде, соңғы кездесулердің бірінде ол маған ерекше сөз айтты. «Менің жолымды жалғастыратын сенсің» – деді. Ол кезде бұл сөздің салмағын толық түсінбедім. Ал қазір сол сөздер мен үшін үлкен аманатқа айналды. Кейде жазу үстінде немесе кітап оқып отырғанда, сол сөздер ойыма келеді. Сол сәтте оның сенімі мен үмітін сезінгендей боламын.

Бүгінде мен өзімді бақытты санаймын. Себебі тұлғаны көзіммен көріп, дауысын естіп, жанында болған сәттерім бар. Әркімнің өмірінде ондай мүмкіндік бола бермейді.

Қазір оны қатты сағынамын. Үйге кіріп келіп, баяғыдай төрге жайғасып, жай ғана күліп отыратын сәттері жетіспейді. Атамның да оны еске алып, сағынғанын көргенде, достықтың қаншалықты терең болатынын түсінесің.

Рахымжан ата өмірден өткенімен, оның ізі қалды. Ол – жазған шығармаларында, айтқан сөздерінде, оны таныған адамдардың жүрегінде. Ал мен үшін ол – мені «тықылдақ» деп еркелеткен, бала кезімде қолынан ұстап жүрген, ерекше жылылық сыйлаған адам.

Сондықтан оның аты мен еңбегі ұмытылмайды. Ал мен өз тарапымнан сол аманатты ақтауға тырысамын.

Нұрайна ТАНАТАР,
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы,

«Абай атындағы жалпы орта мектебінің» 10-сынып оқушысы
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі

Farabi shakirti 17



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ АЯСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА ТӘЖІРИБЕСІ

(ТҮРКИЯ, NECMETTİN ERBAKAN ÜNİVERSİTESİ МЫСАЛЫНДА)

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім мен ғылым саласындағы халықаралық тәжірибе алмасу ерекше маңызға ие. Осы орайда, 2026 жылдың 15 сәуірі мен 15 мамыры аралығында Қазақстаннан келген докторант ретінде Түркияның Конья қаласындағы Necmettin Erbakan Üniversitesi базасында педагогика бағыты бойынша ғылыми тағылымдамадан өттік. Бұл кезең кәсіби және тұлғалық дамуымызға елеулі әсер етіп, академиялық ұтқырлық аясындағы маңызды тәжірибеге айналды.

Біздің негізгі білім алып жатқан орнымыз – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Бұл университет Қазақстандағы жетекші көпсалалы жоғары оқу орындарының бірі ретінде 400-ден астам шетелдік университеттермен ынтымақтастықта және халықаралық ғылыми жобаларға белсенді қатысады. Мұнда бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта біз философия және саясаттану факультетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасында «Әлеуметтік педагогика» бағыты бойынша докторантурада оқимыз. 1940 жылы құрылған бұл кафедра педагогикалық ғылымның дамуына үлес қосып, білікті мамандар даярлайтын маңызды ғылыми-білім беру орталығы болып табылады.

Осы академиялық дайындық аясында Түркиядағы ғылыми тағылымдаманың негізгі мақсаты – педагогика саласындағы халықаралық тәжірибені зерделеу және диссертациялық зерттеуіміздің ғылыми-әдістемелік базасын кеңейту болды. Тағылымдама барысында біз университеттің оқу үдерісіне қатысып, дәрістер мен ғылыми семинарларға қатысу арқылы тәжірибе алмастық.

Осы тұрғыда тағылымдама базасы болған оқу орнының ғылыми-білім беру әлеуетін қысқаша сипаттаймыз.

Неджметтин Ербакан университеті (түрікше: Necmettin Erbakan Üniversitesi) — Түркияның Конья қаласында орналасқан мемлекеттік университет. Necmettin Erbakan Üniversitesi бастапқыда Конья университеті ретінде құрылған. 2012 жылдың 11 сәуірінде оның атауы бұрынғы премьер-министр Неджметтин Ербаканның құрметіне «Necmettin Erbakan Üniversitesi» болып өзгертілген. Университет — Конья қаласындағы үш мемлекеттік университеттің бірі. Университет құрамында 20 факультет, 6 жоғары мектеп, 4 институт, 8 колледж, 1 музыка мектебі және зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Әр факультет студенттерге түрлі оқу бағдарламаларын ұсынады. Университетте магистратура мен докторантура бағдарламалары жоғары деңгейде жүзеге асырылады. Бұл университеттің академиялық ауқымы мен білім беру жүйесінің кендігін оның студенттер саны да айқын көрсетеді. Атап айтқанда, онда бакалавриат деңгейінде шамамен 34 мың, 8 мыңға жуық магистранттар мен докторанттар барлығы 42 мыңға жуық студенттер білім алады. Осы



академиялық ортаның жұмысын тереңірек зерделеу мақсатында тағылымдама аясында шетелдік ғылыми жетекшіміз профессор Барбарос Ялчын мен профессор Селахаддин Авшорұлының бірлескен ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдауымен Конья қаласында орналасқан Сельчук университетіне де ғылыми-танымдық сапар жасалды.

Selçuk University — Түркияның ірі мемлекеттік жоғары оқу орындарының бірі болып табылады және ол 1975 жылы құрылған. Университет Конья қаласындағы жетекші академиялық орталық ретінде білім беру, ғылым және инновациялық зерттеулерді дамытуға ерекше үлес қосып келеді.

Сапар барысында біз университеттің оқу-ғылыми инфрақұрылымымен, факультеттерімен және зерттеу орталықтарының жұмысымен таныстық. Әсіресе, білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды қолдану, ғылыми жобаларды ұйымдастыру және студенттердің зерттеу қызметіне тартылу тәжірибесі назар аудартты.

Сельчук университеті халықаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған жоғары оқу орны ретінде шетелдік студенттер мен зерттеушілерге кең мүмкіндіктер ұсынады. Мұнда академиялық еркіндік, зерттеу дербестігі және практикалық бағыттағы білім беру жүйесі үйлесімді түрде дамыған.

Бұл сапар бізге Түркиядағы жоғары білім беру жүйесінің ұйымдастырылу ерекшеліктерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ халықаралық академиялық ортадағы

университеттердің рөлін жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді.

Тағылымдама аясында біз халықаралық ғылыми ортаға белсенді түрде қатысуға мүмкіндік алдық. Шетелдік ғылыми жетекшілеріміз профессор Барбарос Ялчын мен профессор Селахаддин Авшорұлының жетекшілігімен университет қабырғасында өткізілетін түрлі ғылыми және академиялық іс-шараларға қатысып, профессор-оқытушылар құрамымен тығыз байланыс орнаттық.

Аталған тәжірибе барысында біз тек бақылаушы ғана емес, сонымен қатар ғылыми үдерістің тікелей қатысушысы болдық. Атап айтқанда, 2026 жылғы 28–30 сәуір аралығында өтетін АSES IX Халықаралық Жерорта теңізі ғылыми зерттеулер конгресіне, сондай-ақ INER Congress – Халықаралық білім беру зерттеулері конгресіне түркиялық профессорлардың жетекшілігімен ғылыми мақалалар дайындап, жібердік.

Бұл конгрестер білім беру, педагогика және әлеуметтік ғылымдар салаларындағы өзекті мәселелерді талқылауға, ғылыми тәжірибе алмасуға және халықаралық ғылыми қауымдастықпен байланыс орнатуға бағытталған маңызды алаң болып табылады.

Мақала жазу барысында біз халықаралық академиялық талаптармен танысып, зерттеу жұмысын жүйелеу, ғылыми талдау жасау және нәтижелерді құрылымдау дағдыларымызды жетілдірдік. Сонымен қатар, шетелдік профессорлардың кеңестері ғылыми жұмысымыздың сапасын арттыруға және зерттеу бағытын нақтылауға үлкен септігін тигізді. Осы тәжірибе біздің ғылыми-зерттеу әлеуетімізді дамытуға, кәсіби құзыреттілігімізді арттыруға және болашақта халықаралық деңгейде ғылыми қызметпен айналысуға берік негіз қалады.

Тағылымдама Қазақстан мен Түркияның білім беру жүйелерін мазмұндық, ұйымдастырушылық және әдістемелік тұрғыдан салыстыра талдауға мүмкіндік беріп, педагогикалық көзқарасымды кеңейтуге ықпал етті. Атап айтқанда, екі елдің білім беру жүйесінде оқу үдерісін ұйымдастыру, студенттердің академиялық дербестігі және практикалық даярлық деңгейі бойынша бірқатар ерекшеліктер байқалды.

Дәлірек айтқанда, тағылымдама барысында біз магистрлік диссертацияны қорғау үдерісіне де қатысып, Қазақстан мен Түркиядағы академиялық қорғау жүйелерінің ерекшеліктерімен таныстық. Байқағанымыздай, Қазақстандағы тәжірибеде магистрлік диссертацияларды қорғау көбінесе топтық форматта ұйымдастырылады, яғни бір комиссия алдында бірнеше студенттің жұмыстары қатар қорғалады.

Ал, Түркиядағы жоғары оқу орындарында бұл үдеріс жеке-дара сипатқа ие. Яғни әрбір студенттің дайындық деңгейіне сәйкес, диссертация толық дайын болған жағдайда ол жеке қорғауға шыға алады. Мұндай тәсіл студенттің ғылыми дайындығын, зерттеу дербестігін және жауапкершілігін нақты бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Түркиядағы қорғау жүйесінде комиссия құрамы да икемді ұйымдастырылады. Қазақстандағыдай басқа университеттерден арнайы шақырылған комиссия төрағасы қатыстырылмайды, керісінше, қорғау процесі университет ішіндегі тиісті ғылыми құрам арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ерекшеліктер екі елдің жоғары білім беру жүйесіндегі академиялық бағалау мәдениетінің айырмашылығын көрсетеді және ғылыми жұмысты бағалаудағы дербестік пен жауапкершілік принциптерінің

маңыздылығын айқындайды. Тағылымдама барысында мәдени-педагогикалық ерекшеліктердің бірі ретінде студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынас сипаты назар аудартты. Түркиялық жоғары оқу орындарында студенттер мен оқытушылардың сабақтан тыс уақытта бейресми жағдайда еркін әңгімелесуі, ортақ әлеуметтік кеңістіктерде бірге болуы байқалды. Түркия тәжірибесінде де оқытушыға деген құрмет «hodja» ұғымы арқылы көрініс табады. Бұл құрмет формалды қашықтыққа емес, сенім мен ашық қарым-қатынасқа негізделеді.

Сонымен қатар, докторантура деңгейіндегі ғылыми талаптар жүйесінде де айырмашылықтар байқалады. Түркия университеттерінде докторантура мерзімі салыстырмалы түрде икемді болғанымен, халықаралық ғылыми дерекқорларда, соның ішінде Scopus базасында жарияланымдарға қойылатын талаптар біртіндеп күшейтілуде. Ал, Қазақстанда, әсіресе Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, докторанттардың диссертация қорғауы үшін Scopus және басқа да рецензияланатын халықаралық журналдарда ғылыми мақалалар жариялау міндетті талап болып табылады. Бұл үрдіс зерттеушілердің ғылыми нәтижелерін халықаралық деңгейде тануға бағытталған.

Тағылымдама барысында білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметті ұйымдастыруда да ерекшеліктер анықталды. Түркия тәжірибесінде педагог-психолог мамандардың жүктемесі оқушылар санына қарай белгіленеді: мысалы, мектепке дейінгі ұйымдарда шамамен 400 балаға 1 психолог, ал жасөспірімдер кезеңінде 200 оқушыға 1 маман қарастырылады. Қазақстандық тәжірибеде, керісінше, педагог-психолог нақты бір білім беру ұйымына бекітіліп, тұрақты жұмыс форматы сақталады. Бұл екі тәсіл де өз артықшылықтарына ие.

Сондай-ақ оқытушылардың жұмыс жағдайында да айқын айырмашылықтар байқалды. Түркия университеттерінде профессорларға жеке жұмыс кабинеттері беріліп, олар заманауи техникамен және тұрмыстық жағдайларға арналған жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Ал, Қазақстандық университеттерде, оқытушылар көбіне кафедралық ортақ кабинеттерді пайдаланады. Бұл ұжымдық академиялық ортаны дамытуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, Конья қаласындағы тағылымдама біз үшін маңызды кәсіби және ғылыми-әдістемелік тәжірибе алаңы болды. Бұл кезеңде біз тек жаңа білім алып қана қоймай, педагогикалық үдерістерге деген көзқарасымызды қайта қарастырып, халықаралық академиялық ортада жұмыс істеу дағдыларын жетілдірдік. Сонымен қатар, ғылыми зерттеу жүргізу, академиялық коммуникация орнату және шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болдық. Алдағы уақытта алған тәжірибемізді өз еліміздегі білім беру үдерісінде тиімді қолдануға ниеттіміз. Сонымен бірге, Қазақстан мен Түркия арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықтың одан әрі дамитынына сеніміміз мол.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
«Әлеуметтік педагогика»
мамандығы бойынша 2 курс докторанттары
Есенбаева Бахыт Азимхановна
Әжмәмбет Әсем Ералықызы**

Атамның аманаты

Менің отбасымда ең сауатты болған адам ол – менің атам. Инжилисов Сәтбай, «Ақтөбе» АҚ мұнай-газ өндіріс орны бастығының орынбасары лауазымында бірнеше жыл қатарынан қызмет етті. Атам жұмысының қауырттығына қарамастан өте көп кітаптар оқыған еді. Біздің үйде не көп десе, кітаптар көп деп айтар едім. Менің атамның әкесі небәрі 19 жасында мектеп директоры болған. Үлкен атамның тәрбиесінің арқасында балаларының бәрі сауатты және ақылды болып ержетіп, өмірден өз орнын тапқан жандар. Атам біз кішкентай болған кезде үйге «Балдырған», «Жыл он екі ай», «Айгөлек» сияқты балаларға арналған журналдарды әкелетін және анама «жинап қой, немерелерім өскенде оқитын болады» деп айтқан екен.

Солайша, анам атамның сөзін жерге қалдырмай, журналдарды ұқыптап, сақтап келген. Бірақ, өкінішке орай үйде журналдар



мен кітаптарға қызығатын ешкім болмады. Тек мен өсе келе журналистика мамандығын таңдап, журналисттің сөздік қоры бай болу керек екенін түсіндім. Осылайша мен кітап оқуға бет бұрдым, атам кезінде біз үшін алып қой деген журналдарды тауып, қызыға оқи бастадым. Бұл мен үшін жай ғана оқу емес, атамның аманатына адал болу еді. Осыны көріп, анашымның маған: «Атам тірі болғанда, қуанышында шек болмай, сені мақтан тұтар еді», - дейді кітапқұмарлығымды көріп. Анамның осы айтқан сөздері мен үшін әрі қарай сауатты болуға, дамуға және өз арманым-журналистика мамандығына грантқа түсуге ынталандырады.

Менің айтқым келіп тұрғаны үлкендердің әрбір сөзіне мән беріп, құлақ салыңыздар. Себебі олар өмір көрген, бізге тек жақсылық тілейтін жандар. Кейде бір ауыз сөздің өзі болашағымызға жол ашуы мүмкін.

Сурет: ЖИ, жолдаған автор

Жас тілшілер форумы – жаңа мүмкіндіктер

Жас тілшілер форумы әр жыл сайын Алматы қаласындағы Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің журналистика факультетінде және «Ұлан» газетінің редакциясында өтеді. Жас тілшілер форумына қатысуым бірінші рет еді және маған өте қатты ұнады. 10 сыныпқа қайта оралсам, жас тілшілер форумына міндетті түрде қатысар едім. Ең алдымен бұл форум маған өзімнің арманымдағы университетті көруге мүмкіндік берді және жаңа достар, жаңа таныстар бір сөзбен айтқанда жоғарыға көтерілуіне қолдау білдіретін жандарды кездестірдім.

Журналистика саласында жаңа зат білуіме себепші болған ҚазҰУ-дың ұстаздары, тележурналист Анна Данченко, журналист Жазира Оразқызы, тәуелсіз журналист Асылхан Мамашұлы, актер, режиссер Азамат Шарғын. Бұл адамдарды өмірде өз көзіммен көргеніме, сөйлескеніме қатты қуаныштымын. Жас тілшілер форумы-жаңа мүмкіндіктер, жаңа достар және ең бастысы өзіңнің армандаған мамандығыңда, жұмыс жасайтын және оқитын аға-апаларды көру. Мен олардан болашақ мамандығым туралы көп мәлімет біле алдым.


Форумда маған қатты ұнаған сәт-Асылхан Мамашұлымен ашық сұхбаттан кейін түскі ас кезінде, «Ұлан» газетін мектеп

кезінен бастап оқитын, ал қазір тарих пәнінің мұғалімі, гитарамен бізге ән шырқап, көңіл-күйімізді көтерді. Мен бұл байқауда орын ала алмадым. Бірақ орын алғандар үшін қолдадым. Менің бұл форумнан түсінгенім маған әрі қарай дамып, өсу керек екенін. Форум кезінде келген қонақтарды қызыға тыңдап, суретке түстім. Мен бұл форумға Ақтөбе қаласынан бардым және ең қызығы форумда болған болашақ журналисттердің көбісі басқа қаладан келген. Бірі Тараз болса, бірі Ақтау, Шымкент, Өскеменнен келген.

Өз басым Алматы қаласында өткен форумға келгеніме мүлде өкінбеймін. Керісінше жас тілшілер форумына қатысқанымға қуаныштымын. Ең алдымен ҚазҰУ-дың журналистика факультетті мен «Ұлан» редакциясына алғысымды айтқым келеді. Осындай іс-шараны жасауды тоқтатпай, танымал адамдармен кездесулер ұйымдастырып, жас журналисттер үшін алғашқы қадамдарын жасауға көмектесіп, қолдайтындары үшін. Жас тілшілер форумы болашақ журналисттер үшін таптырмас мүмкіндік.



СӘТБАЙ Мәншүк,
Ақтөбе қаласы, «Смарт-Білім» мектеп-гимназиясының 11 - сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі



Журналист- табандылықты талап ететін мамандық

Ол әрқашан тек шындықты айтатын, әділдікті жақтайтын маман. Сондықтан мен бұл саланың мамандарына құрметпен қараймын.

Мен неге журналист мамандығын таңдадым? Белгілі журналист, қазақ журналистикасында терең із қалдырған, «Айтуға оңай» бағдарламасының жүргізушісі Бейсен Құранбекті (1971жыл, 9 желтоқсан – 2020 жыл, 18 мамыр) танымайтын көрермен жоқ шығар. Кішкентайымнан сол бағдарламаны сүйіп көретінмін. Бейсен ағамның жүзі жылы, сөйлеген сөзінен-ақ қандай ажурек адам екені көрініп тұратын еді.

Мамандық таңдау кезінде біраз қиналдым, өзіме не ұнайтынын түсіне алмадым. Кітап оқығанды жаным сүйетін. Санжар Керімбайдың Бейсен аға жайлы жазған «Бейсен және болмыс» кітабын көріп, оқуға асықтым. Кітапты оқып, Бейсен Құранбектің қандай адам болғанын жақын таныдым. Нағыз үлгі тұтарлық, біртуар адам екеніне көзім жетті.

Содан соң қабілетім бар, неге журналистиканы таңдамасқа? деп ойладым. Осы мамандық бойынша іздене бастадым. Жақынырақ танысып, бұл саланың атмосферасы, ұлт үшін қызмет ететін журналист мамандарының қарапайымдылығы қатты ұнады. Журналистика саласына деген махаббатым оянып, қайтсемде журналист боламын деген мақсат пайда болды.

Журналист мамандығының жалақысы аз, басқа мамандық қарастырып көрмедің бе дегенді ести бастадым. Бірақ мен үшін маңыздысы өзіме ұнаған іспен айналысу болды. Мен үнсіздердің үні болып, естір құлаққа жеткізетін, тек шындықты айтатын, әділдіктің алдында жүретін маман болғым келеді. Ал егер қоғамда шындықты



айтатын журналистер болмаса, халық кімге сенеді? Үнсіз қалып, әділдік іздеген жандардың сөзін кім жеткізеді?

Мен үшін журналистика-тек ақпарат тарату емес, ол-қоғамның айнасы, халықтың үнін жеткізетін күш. Журналист болу-үлкен жауапкершілік әрі үлкен мәртебе. Кішкентай кезімде теледидардан журналистерді көріп, мен ешқашан олар сияқты бола алмайтын шығармын деп ойлайтынмын. Алайда, өмірде мүмкін емес ештеңе жоқ. Талпынып, еңбек ете білсең орындалмайтын мақсат жоқ. Осылайша, менің бұл мамандыққа деген құштарлығымды оятқан, журналистика саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған Бейсен Құранбек болды. Мен ол кісіні әркез үлгі тұтамын.

Қорытындылай келе, журналист болу-мен үшін жай ғана мамандық таңдау емес, жүрек қалауым мен өмірлік мақсатым. Болашақта ел сенімін ақтайтын, сөз құдірегін түсінетін, жауапкершілігі мол журналист болу үшін бар күшімді саламын.

СЕНБЕКҚЫЗЫ Зылиха,
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,
«А.Бубенцов атындағы орта мектептің» 11-сынып оқушысы
Сурет: <https://kazgazeta.kz/>



ОНЛАЙН БІЛІМ БЕРУ ДӘСТҮРЛІ МЕКТЕПТІҢ ОРНЫН БАСА МА?

Жиырма бірінші ғасыр - цифрлық технологиялардың салтанат құрған дәуірі. Бүгінде интернет өміріміздің барлық саласына еніп, білім беру жүйесіне де айтарлықтай өзгерістер әкелді. Әсіресе, пандемия кезеңінен кейін «Онлайн білім беру дәстүрлі мектептің орнын толықтай баса ала ма?» деген сұрақ қоғамда үлкен пікірталас тудырды. Бір қарағанда, қашықтықтан оқытудың мүмкіндіктері шексіз көрінгенімен, мәселенің тереңіне үңілсек, жауап соншалықты оңай емес.

Технологияның артықшылығы, шексіз мүмкіндіктер. Онлайн білім берудің ең басты артықшылығы - қолжетімділік пен икемділік. Оқушы әлемнің кез келген нүктесінде отырып, Гарвард немесе Оксфорд секілді үздік университеттердің курстарын тыңдай алады. Уақытты үнемдеу, жеке қарқынмен оқу және мультимедиялық ресурстарды (видео, интерактивті тапсырмалар) кеңінен қолдану - бұл заманауи оқушы үшін үлкен мүмкіндік. Бұған қоса, онлайн формат білімді демократияландырады. Қаржылық жағдайы немесе географиялық орналасуына байланысты сапалы білімге қол жеткізе алмай жүрген ауыл балалары үшін цифрлық платформалар нағыз «білім көпіріне» айналды.

Дәстүрлі мектеп, тек білім емес, тәрбие ордасы. Алайда, мектеп - бұл тек ақпарат алатын орын емес. Ол - баланың элеуметтік ортасы. Дәстүрлі мектептің онлайн формат алмастыра алмайтын бірнеше іргелі құндылықтары бар. Біріншіден, элеуметтену. Құрдастарымен қарым-қатынас, дос табу, конфликтілерді шешуді үйрену және командада жұмыс істеу дағдылары тек тікелей байланыс кезінде қалыптасады. Екіншіден, эмоционалды интеллект. Мұғалімнің көзқарасы, дауыс ырғағы және оқушыға көрсететін жеке қолдауы экран арқылы

толық жетпейді. Ұстаз - тек бағыт беруші ғана емес, тұлға ретінде үлгі болатын тәрбиеші. Үшіншіден, тәртіп пен жауапкершілік. Үйде отырып, оқу жоғары деңгейдегі өзін-өзі басқаруды талап етеді. Көптеген балалар үшін мектептегі қатаң кесте мен ортаның қысымы оқуға деген ынтаны сақтауға көмектеседі. Шындығына келгенде, онлайн білім беру дәстүрлі мектепті «жоюы» емес, оны толықтыруы тиіс.

Болашақ – «аралас оқыту» жүйесінде. Бұл жүйеде теориялық білімді онлайн платформалардан меңгеріп, ал мектеп қабырғасында практикалық жұмыстар, пікірталастар мен зертханалық тәжірибелер жасау тиімдірек. «Білім - бұл тек толтырылатын ыдыс емес, тұтатылатын алау». Егер технология сол алауды жағуға көмектессе, ол - құрал, бірақ ол алауды жағатын адамның - ұстаздың орнын баса алмайды.

Қорыта айтқанда, онлайн білім беру дәстүрлі мектепті толықтай ысырып тастамайды. Ол білім беру процесін трансформациялайды, оны икемді әрі қызықты етеді. Біз тек қағаз бен қаламның дәуірінен цифрлық дәуірге өттік, бірақ білімнің түпкі мәні — адам мен адамның арасындағы рухани және интеллектуалдық байланыс өзгеріссіз қалады. Мектеп қабырғасы мен цифрлық технологияның үйлесімі ғана болашақтың бәсекеге қабілетті тұлғасын тәрбиелей алады.



Толғанай ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ
 Алматы қаласы Білім
 Басқармасының
 Алатау ауданы бойынша
 «№26 ЖББМ» 11 – сынып
 оқушысы.
 Республикалық
 «Farabi shakirti» журналы
 мен www.farabishakirti.kz
 желілік басылым
 сайтының Жас тілшісі



Қазіргі цифрлық заманда түрлі технологиялық құрылғылар дамығанмен, газет өзінің маңызын жоғалтқан емес. Газет – қоғамдағы оқиғаларды, түрлі жаңалықтарды және маңызды мәселелерді жүйелі түрде жеткізетін баспа құрал. Ол тек ақпарат беріп қана қоймай, қоғамдық көз-қараспен пікірді қалыптастыруға, халықтың ой-санасын дамытуға ықпал етеді.

ГАЗЕТ: ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҢ БАСТЫ КӨЗІ

Газеттің тарихына үңілер болсақ «газет» атауы Италияндық ұсақ тиындардың атауымен аталған. Себебі, сол тиындармен газеттерді сатып алған екен. Алғашқы газеттің үлгісі ретінде оған ұқсас тақтайшаларда ілінген патша жарлықтары келтіріледі. Бұл тақтайшалар Римде қолданыла бастаған. Ал, осы бізге белгілі үлгідегі газет алғаш Францияда 1631 жылы «La Gazette» деп аталған.

Оқырмандарды қызықтыру үшін қызметкерлер алғашқы санын сатып алғандарға сыйлықтың болғандығын айтқан. Айтқандарындай-ақ, газет ерекше 2 метрлік қалыпта шығарылған көрінеді. Көршілес Ресейде І Петрдың бұйрығымен 1703 жылы алғаш «Ведомости» газеті шығарылса, ал біздің елде алғаш рет 1870 жылы «Түркістан уәлаяты» газеті шығарылды. Бізге белгілі өлшемдегі газеттерден бөлек әлемде өте кішкене форматтағы газет түрлері де бар көрінеді. Мысалға Бразилия елінде әлемдегі ең кіші (3.5x2.5) форматындағы газет шығарылады. Оның көлемі біз күнделікті пайдаланатын шырпының қорабымен бірдей. Тіпті, газет бетінде жарнамаға арналған орындар да қамтылған екен.

Газет материалы суға жарамсыз, сенімсіз қағаздан жасалатыны белгілі. Француздық өндірушілер бұл қолайсыздықты ескеріп, газет оқу барысында тамақтануды сүйетіндерге арнайы су өткізбейтін материалдан газет ойлап тапқан. Сондай-ақ, ол елде 29 ақпан күні, яғни, 4 жылда бір жарыққа шығатын газет бар. Өзге газеттердегідей онда кроссворд жазылып, сөзжұмбақтың жауабы 4 жылдан кейінгі санында жарияланады. Жазылу құны 100 жылға 100 еуро. Ал ең жылдам жаңалықтар жарияланатын газет Нью-Йорк қаласында сағат сайын жарыққа шығарылады. Газеттің алғашқы оқырмандары тікұшақ пен қоғамдық көліктердің пайдаланушылары. Міне, күнделікті шолып шыққанымызбен аса қатты қызықты көрінбейтін газеттің осыншама қызықты тұстары да бар.

Газеттің басты ерекшелігі – оның сенімділігі мен нақтылығы. Басқа ақпарат көздеріне қарағанда, газетте жарияланатын материалдар алдын ала тексеріліп, сарапталды. Сондықтан көптеген адамдар газетке сенімді ақпарат көзі ретінде қарайды. Газет беттерінде саясат, экономика, білім, мәдениет, спорт және басқа да түрлі тақырыптар қамтылады. Сонымен қатар онда сұхбат, репортаж, талдау, мақала сияқты жанрлар кеңінен қолданылады. Бұл оқырманның жан-жақты

ақпарат алуына мүмкіндік береді. Газет тек ақпарат таратып қана қоймай, тәрбиелік қызмет те атқарады. Ол арқылы жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріліп, ұлттық құндылықтар насихатталады. Мысалы, газетте жарияланған мақалалар арқылы адамгершілік, отансүйгіштік, еңбекқорлық сияқты қасиеттер дәріптеледі. Осы тұрғыдан алғанда, газет – қоғамның рухани дамуына ықпал ететін маңызды құрал.

Қазіргі уақытта технологияның дамуына байланысты ақпарат тарату тәсілдері де өзгерді. Интернет пен әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы газеттің рөліне әсер етті. Дегенмен, бұл газет маңызын төмендетті дегенді білдірмейді. Керісінше, көптеген газеттер электронды форматқа көшіп, өз аудиториясын кеңейтуде. Онлайн газеттер ақпаратты жылдам жеткізуге мүмкіндік берсе, дәстүрлі баспа газеттері өзінің тұрақтылығы мен сенімділігін сақтап отыр.

Сонымен қатар, газет журналистика саласының дамуына үлкен үлес қосады. Журналистер қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, халықтың пікірін жеткізеді. Олар әділдік пен шындықты қорғап, қоғамның дамуына ықпал етеді. Сондықтан газет – тек ақпарат құралы ғана емес, ол демократияның маңызды элементтерінің бірі болып саналады.

Қорытындылай келе, газет – қоғамның айнасы, ақпараттың сенімді көзі және мәдениеттің ажырамас бөлігі. Уақыт өзгергенімен, газет өз құндылығын жоғалтпайды. Әрбір адам газет оқу арқылы өз білімін арттырып, әлемде болып жатқан жаңалықтардан хабардар бола алады. Сондықтан газет оқу – саналы әрі білімді қоғам қалыптастырудың маңызды жолдарының бірі.



САҒЫНДЫҚ Зера Азаматқызы, Қарағанды қаласы, «№59 ЖББМ» 11-сынып оқушысы, Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі
Жетекшісі: Оразбаева Жанар Кенжебаевна
Қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі
Дереккөзі: <https://esilnews.kz/gazetti-bolasha-y-bar-ma/>
<https://osken-onir.kz/kogam/4175-gazet-zhayly-zyty-dereker.html>

Жердің барлық бөлігін аралаған, бірақ Антарктиданы көрмеген зерттеуші

Капитан Джеймс Кук (1728–1779) — әлемге танымал ағылшын теңізшісі, зерттеуші және картограф. Ол Жердің көптеген бөліктерін зерттегенімен, қызықты факт — Антарктидаға ешқашан аяқ баспаған бірінші адам.



Әлемді сызған адам... бірақ оны көре алмады

Адамзат тарихында әлемді тануға, оны қағаз бетіне түсіруге ұмтылған тұлғалар аз емес. Солардың ішінде ерекше орын алатын есімдердің бірі – Герардус Меркатор. Ол жасаған карта – жай ғана географиялық құрал емес, ол адамзаттың дүниені түсінуге деген ұмтылысының символы іспетті.

Меркатор өмір сүрген дәуір – ашылулар мен ізденістер кезеңі еді. Жердің әр түкпірінен саяхатшылар жаңа мәліметтер әкеліп, белгісіз аймақтар ашылып жатқан уақыт болатын. Осындай кезеңде ол әлемді қағазға түсіруге бел буды. Бірақ ол барлық жерді өз көзімен көрген жоқ. Оның карталары – теңізшілердің әңгімесі, зерттеушілердің жазбасы, ғалымдардың деректерінен құралған үлкен еңбектің нәтижесі.

Соған қарамастан, ол жасаған карта адамзат тарихындағы ең маңызды жаңалықтардың біріне айналды. Меркатор проекциясы теңізде жүзушілерге бағыт табуға көмектесті. Бұл карта арқылы адамдар бұрынғыдан да алыс сапарларға шығып, жаңа жерлерді игере бастады. Яғни, бір адамның еңбегі бүкіл әлемнің қозғалысына әсер етті.


Алайда өмірдің өз заңдылығы бар. Уақыт өте келе Меркатордың денсаулығы сыр беріп, көру қабілеті нашарлай бастайды. Ақырында ол көру мүмкіндігінен айырылды. Бұл – тағдырдың ерекше әрі терең мағыналы ирониясы секілді. Әлемді қағазға түсірген адам, сол әлемді көру мүмкіндігінен айырылды.

Осы жерде үлкен философиялық ой жатыр. Адам кейде өмірін белгілі бір мақсатқа арнайды. Ол мақсатқа жету үшін бар күшін салады, үлкен жетістіктерге жетеді. Бірақ сол жетістіктің шынайы мәнін толық сезініп үлгермеуі мүмкін. Меркатордың өмірі – соның дәлелі.

Бірақ бұл оқиға қайғы емес, керісінше, ой салатын тағылым. Себебі адам өмірінің құндылығы тек нәтижеде емес, сол нәтижеге жету жолындағы еңбекте жатыр. Меркатор әлемді толық көрмесе де, адамзатқа әлемді танудың жолын қалдырды. Оның еңбегі әлі күнге дейін қолданыста, әлі күнге дейін адамдарға бағыт көрсетіп келеді.

Бүгінгі күннің жастары үшін бұл үлкен сабақ. Арман – тек көрумен шектелмейді, оны жасау керек. Кейде сен армандаған дүниені толық сезінбеуің мүмкін, бірақ сенің еңбегің басқа біреудің жолын ашуы ықтимал. Сондықтан әрбір жасалған іс – болашаққа қалдырылған із.

Қорытындылай келе, әлемді сызған адамның тағдыры бізге бір нәрсені үйретеді: өмір – тек көру емес, түсіну. Ал шынайы мұра – көзбен көргенде емес, жүрегіңмен жасалғанда қалады.



Ерте өмірі және теңізші болу жолы - Кук Англияда дүниеге келген және жасынан теңізге қызыққан. Ол теңізде жұмыс істеу арқылы өз білімін жетілдіріп, картография мен навигация саласында ерекше шеберлікке ие болды. Оның мақсаттарының бірі — әлемдегі жаңа жерлерді ашу және теңіз жолдарын зерттеу болды.

Экспедициялары мен жетістіктері:

Куктың ең атақты экспедициялары 18 ғасырда өтті. Ол:

*Тынық мұхиты мен Оңтүстік Жаңа Зеландия, Австралияның шығыс жағалауын зерттеді.

*Карталар жасап, теңізшілер үшін қауіпсіз жолдар ашты.

*Жер бетінің көптеген аймақтарын алғаш рет Еуропалық картаға енгізді. Оның экспедициялары тек жаңа жерлерді ашу емес, сондай-ақ адамдар мен табиғат туралы ғылыми ақпарат жинау мақсатында жүргізілген. Куктың зерттеулері флора, фауна және жергілікті халықтар туралы құнды мәліметтер берді.

Антарктидаға жетпеу себебі: Антарктида сол кезде толық зерттелмеген болатын. Куктың экспедициялары негізінен Тынық мұхитқа бағытталған, ал Солтүстік және Оңтүстік жарты шардағы мұздық аймақтарға бару мүмкіндігі шектеулі болды. Сол себепті ол Антарктиданы көрмеген, бірақ оның саяхаттары кейінгі зерттеушілерге жаңа бағыт берді. Мұра мен әсері: Куктың зерттеулері әлем картасын жаңартты және теңіздегі саяхаттарды қауіпсіз етті. Оның саяхаттары антропология, география және биология ғылымдарының дамуына үлес қосты. Ал Антарктидаға жетпеуі – ғылым тарихында қызықты факт ретінде қалды: адам барлық континенттерді аралағанымен, ең суық және қауіпті жерге аяқ баспаған.

Капитан Джеймс Кук – зерттеуші және теңізші ретінде адамзатқа жаңа жерлерді ашуды үйреткен тұлға. Ол Антарктидаға бармағанымен, өзінің ғылыми және навигациялық жетістіктерімен әлемді өзгертті және болашақ зерттеушілер үшін шабыт берді.

ТАРАС Асемгул,

Атырау облысы, Индер ауданы,

«Бөдене орта мектебінің»

11-сынып оқушысы.

Сурет ru.wikipedia.org алынды.



ЖАҒАНДАНУ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ ЖОЯ МА, ӘЛДЕ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕ МЕ?

Жаһандану үдерісі ХХ-ХХІ ғасырларда Қазақстанда белең алған. Бүгінгі атқан таң мен батқан түннің арасындағы экономика, білім мен ғылым, технология мен ұлттық болмыстың өзгеріске ұшырауына да себепкер-жаһандану. Жаһандану ұлттық болмысты жоя ма, әлде жаңа деңгейге көтере ме?

Халқымның жылдар ғана емес, ғасырлар бойы жинап, бізге жеткізген ұлттық болмысына жаһанданудың әсері оң деп санаймын. Оған 3 дәлел келтірсем:

Бірінші дәлел-жаһандану жолындағы ұлттық болмыстың өсуі. Заман талабына сай, әлеуметтік желі мен медиа салалары арқылы ақпараттар секунд сайын бір нүктеден екінші нүктеге жеткізіліп жатады. Ал оның ұлттық болмысқа пайдасы аз емес. Қазақ мәдениеті мен тарихы дәл осы күнделікті әлеуметтік желілер арқылы

танылуда. Мысал келтірер болсақ, тикток немесе инстаграм сынды желілерде қазақ халқының дәстүрлері, көркем поэзия оқу, қазақтың сирек өткізілетін мерекелері жайлы аңғарып жатамыз. Олардың Қазақстан ішінде ғана емес, өзге елдерге таралып, вирустық видео атанып, әйгілі болу ықтималдығы өте жоғары. Infombugo деректеріне сәйкес, соңғы жылдары қазақ тілін білетін адам саны бойынша 22 миллионнан асқан еді. Бұл деректен жаһанданудың ұлттық болмысты жоюдың орнына оны күллі әлемге танытып жатқаны жайлы көрініс табамыз.

Екінші дәлел-жас буынның болашағын қамсыздандыру. Жаһанданудың маңызды қасиеттерінің бірі-даму мен жаңашылдыққа жол ашуы. Бұл қасиет өсіп келе жатқан жас ұрпаққа үлгі болады деген ойдамын. OUP Academic зерттеулеріне сүйенсек, «Жаһандану балалардың білім мен дағдыны қабылдауында заманауи орта маңызды рөл атқарады».

Мысалы, қазірдің өзінде балалар технологияны ерте меңгерудің арқасында онлайн-курстар мен халықаралық конференциялар арқылы жоғары деңгейде білім алуда. Бұл білім олардың елдің дамуына үлес қосуларына болашақты мүмкіндік береді деген сөз. Сондықтан жаһандану жас ұрпақтың ойлау қабілетімен, заманауи дағдылармен қаруландырып, болашаққа дайындайды. Жалпы алғанда, жаһандану кішкентай қандастарымыз үшін үлкен мүмкіндіктер. Себебі ел болашағы-жастардың қолында.

Үшінші дәлел-әлемдік жырақтағы бауырлар.

«Әр қазағым-жалғызым» дегендей, шетелде еліміздің ұлттық болмысын көтеріп, абыройын көтеріп жүрген аға-әпкелеріміз жетерлік. Жаһандану үдерісі өнер мен шығармашылыққа бай адамдардың шетелге шығу мүмкіндігін қалыптастарды. Оларға мысал келтіретін болсақ, Димаш Құдайбергелұлы. Ең мықты әрі еңбекқор жерлес. Өз өнерін қазағына танытып қана қоймай, барша әлемге паш еткен өнерін әлемдік деңгейдегі өнер адамдары жоғары бағалады. Әсерінен әлемнің түкпір-түкпіріндегі қара халық қазақ тілімізді меңгеріп бастады. Жаһандану ұлттық болмысымызды танытып, мәдениетіміздің абыройын көтеруге жол ашты.

Сараптай келе, жаһандану әлемнің бір бөлшегін алып жатқан маңызды құбылыс. Біреу үшін пайдасын, біреу үшін зиянын тигізуі мүмкін. Ұлттық болмысқа қатысты бұл үдерістің жалпы сипаты мемлекетімізді дамушы елдердің қатарына қосып, нақты мақсат пен қадамдар арқылы көркейтіп, кешегіден де жаңғыру. Оның ұлттық болмысты жоймай, тарих пен тілімізді есепке ала отырған дамушы күші қоғамға өте пайдалы. «Өткенін білмегеннің болашағы бұлыңғыр» дей келе, бүгінгі жетістіктің еңбегі кешеден басталған еді.

Айдана КОПЖАН,
Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы
«№2 Мәртөк мектеп-
гимназиясының» 10 «Б» сынып
оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti»
журналы мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым сайтының
Жас тілшісі
Жетекшісі: Көздіғарина Рита,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің
мұғалімі
Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы





Туған жер – әр адамның жүрегіндегі ең қасиетті ұғым. Оның тарихын білу, өткенін тану – әрбір ұрпақтың міндеті. Осы мақсатта мектебімізде оқушыларға арналған ерекше тағылымды кездесу өтті.

ТУҒАН ЖЕР ТАҒЫЛЫМЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАСТАУЫ

Кездесудің қадірлі қонақтары – Бақытгүл Қасенбайқызы мен Дәулет Телбайтегі оқушыларға шынайы рухани азық сыйлады. Апамыз Бақытгүл Қасенбайқызы құр қол келмей, арнайы сыйлықтарын ала келіп, балаларға үлкен қуаныш сыйлады. Ал Дәулет Телбайтегі – экономика ғылымдарының докторы, академик, журналист ретінде өзінің бай тәжірибесімен бөлісіп, мектебімізге кітаптар мен газет-журналдарды тарту етті.

Қонақтарымыз ауылымыздың терең тарихына тоқталып, бұрын көп айтыла бермейтін тың деректерді ортаға салды. Олар бізге қазақ екенімізді мақтан тұту керектігін ерекше атап өтті. Біз – сонау үйсін елінің ұрпағы, Жетісу жерін мекендеген халық екеніміз үлкен мәртебе екені айтылды.

Әсіресе, Дәулет ағамыздың өз аузымен айтқан тарихи әңгімелері оқушыларға ерекше әсер етті. Ол кісі батырларымыздың ерлігі жайлы сөз қозғап, Шағаман батырдың бала кезінен-ақ қайсар, өжет болғанын айтып берді. Сонымен қатар, ел ішінде даналығымен танылған Бөлтірік атамыз туралы және халықтың қорғаны болған Райымбек батырдың ерліктерін де ерекше тебіреніспен жеткізді. Бұл әңгімелер оқушылардың жүрегіне рух беріп, өткенге деген құрметін арттырды.

Дәулет Телбайтегі сондай-ақ Мәскеудегі бірнеше ірі кітапханаларды аралап, бұрын беймәлім болып келген құпия деректермен танысқанын айтты. Сол деректердің өзінде қазақ халқының бар екені, оның жеке ұлт ретінде мойындалғаны көрсетілген. Бұл – біздің тарихымыздың тереңдігін дәлелдейтін маңызды жайт.

Кездесу барысында тарихи тұлғаларға қатысты құнды дүниелер де ұсынылды. Дәулет ағамыз Бөлтірік атамыздың суреттері мен кітабын алып келіп, оны оқушыларға таныстырды. Мұндай мұралар



– ұлттық сананы қалыптастыратын баға жетпес қазына.

Кездесу оқушылар үшін үлкен рухани сабақ болды. Туған жердің тарихын білу, оны құрметтеу, өз ұлтыңмен мақтану – әрбір жастың бойында болуы тиіс қасиет екені анық сезілді.

Сөз соңында, осындай тағылымды кездесу өткізіп, бізге рухани күш сыйлаған Бақытгүл Қасенбайқызы мен Дәулет Телбайтегіне шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Олардың әрбір сөзі – санамызда сақталып, болашаққа бағыт беретін құнды мұра.

Туған жер – біздің тамырымыз. Ал оны құрметтеу – әрқайсымыздың парызымыз.



Айзат БАҚБЕРГЕН,
Алматы облысы, Кеген ауданы,
Ұ.Бағаев атындағы орта мектептің
11-сынып оқушысы.
Республикалық «Farabi shakirti»
журналы мен www.farabishakirti.kz
желілік басылым
сайтының Жас тілшісі
Жетекшісі: БЕКБАТЫРОВА Бекзат
Оразханқызы

МЕКТЕП ФОРМАСЫ – ОҚУШЫНЫҢ КЕЛБЕТІ



Жастар және мотивация:

АРМАНҒА ЖЕТУДІҢ ЖОЛЫ

Бізде, жастар да арман көп. «Армандар орындалады» - дейді. Мектеп бітірер әр түлектің көкейінде қазір бір арман. ҰБТ сынағынан шекті балл жинап, жүрек қалаған мамандықты игеру үшін еліміздегі Жоғарғы оқу орындарының бірінің студенті атану. Оқу грантына ие болу. Одан кейін алған мамандық бойынша еліміздегі іргелі өнеркәсіп, өндіріс орындары мен мекемелердің бірінде еңбек жолын бастау. Жастық жалының арманы әрине, мұнымен шектелмейді. Армандар орындалу үшін әр жасқа, адамға – мотивация керек.

Неліктен жастар мен мотивацияны біріктірдік? Себебі, арманға жету үшін жастарға ең қажет нәрсе - мотивация. Арман – мақсатқа жетелейді. Бұл ұғым – адамды мақсатын орындауға итермелейтін ішкі немесе сыртқы күш. Мотивация арқылы жастар армандауға, талпынуға, алға ұмтылуға бейімделеді.

Ал арманға жету ше? Бұл жол өте күрделі! Мысалы: қазіргі таңда көптеген жастар өз арманына мотивация арқылы жетіп жүр. Мәселен, қарапайым ауыл мектебінде окитын оқушы күнделікті еңбектің арқасында шетел университетіне грант ұтып алып, өз мақсатына бір қадам жақындады. Бұл – мотивация мен табандылықтың нақты көрінісі. Көпшіліктің көкейінде ауыл мектебі, қаламен салыстырғанда білім сәйкес емес деген айқир айтады. Бұл қате пікір екенін ауылдық елді мекендегі оқушылардың жетістіктерін көріп, марқайып қаламыз.

Мақсатың қаншалықты айқын болса, оған жетудегі жол оңай болмайтыны ескер. Бірақ, арман жолының туын ілген уақытта ғана, көрген сынақ, қиындықтарыңның не үшін тұрғанын түсінетін боласың. Мақсатсыз, армансыз адам – тізгінсіз аттай екендігін ұмытпа.

Қазіргі таңда: жастар, мотивация, арман ұғымдары үштік егіздей қатар жүреді. Мүмкіндіктің келер сәтін күтіп жүріп, арман жолының бағытын бұзып алмайық. Армандайық. Мақсатымызға еңбегіміздің тері арқылы қол жеткізейік. Сонда ғана адам баласы бұл өмірдің жалының ыстығын сезеді! Жастардың қазіргі талпынысы – болашаққа жасалған инвестиция.

Сурет: ашық дереккөзінен алынды.



Менің ойымша, қазіргі уақытта мектеп формасын сақтау аса қиын емес. Көптеген мектептерде талап қарапайым: жабық көк шалбар, ақ жейде, қара аяқ киім және көк жакет. Мұндай киімдерді алу да көптеген отбасылар үшін қолжетімді. Сондықтан форма мәселесін қиындық ретінде емес, тәртіптің бір бөлігі ретінде қарастырған жөн.

Мектеп формасы – мектептің айнасы. Ол оқушының сыртқы келбетін ғана емес, оның тәртібі мен жауапкершілігін де көрсетеді. Сонымен қатар, мектеп тек формаға ғана емес, оқушының жалпы тазалығына, ұқыптылығына, шашы мен тырнағының күтіміне де мән береді. Бұл – баланың дұрыс қалыптасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі.

Қазіргі мектеп формасын ұнатпайтын жасөспірімдерге айтар ұсынысым бар: мектеп талабына сай киімді өз талғамдарыңызбен үйлестіріп киюге болады. Мысалы, ұқыпты аксессуарлар қосу, киімді дұрыс үйлестіру арқылы өз стиліңізді сақтай аласыз. Осылайша, әрі мектеп ережесін бұзбай, әрі өзіңізге ұнайтын бейнені қалыптастыруға мүмкіндік бар.

Тоғжан ТӨЛЕГЕН,

**Алматы облысы, Іле ауданы,
«№24МКМ лицейінің»**

11 – сынып оқушысы.

**Жетекшісі: Аяулым Сағынғали,
«Алатау ТВ» телеарнасының
тілші-редакторы**



Artemis II: адамзаттың Айға қайта оралу жолындағы маңызды қадам

2026 жылғы 1 сәуірде Artemis II миссиясы сәтті ұшырылып, адамзаттың Айға қайта оралу бағдарламасында жаңа кезең басталды. Бұл – NASA-ның экипажы бар алғашқы сынақ ұшуы, оның негізгі мақсаты – Space Launch System зымыраны мен Orion spacecraft ғарыш кемесінің терең ғарыштағы жұмысын тексеру.

Жобаның бастамасы «Орион» ғарыш кемесінің Space Launch System зымыраны арқылы төмен Жер орбитасынан тыс алғашқы пилоттық ұшуы NASA тарапынан «Артемид» бағдарламасы құрылмай тұрып-ақ, 2010 жылдардың алғашқы жартысында жоспарланған болатын.

Экипаж құрамы: Рид Уайсмен-командир, Виктор Гловер-ұшқыш, Кристина Кук-миссия маманы, Джереми Хансен-миссия маманы. Ұшу барысында төрт астронавттан тұратын экипаж алдымен Жердің жоғары эллипстік орбитасына шығып, барлық негізгі жүйелерді тексерді. Олар өмірді қамтамасыз ету жүйелері, басқару және навигация құрылғыларының жұмысын бағалап, арнайы маневрлер орындады. Сонымен қатар, экипаж пайдаланылған Interim Cryogenic Propulsion Stage модулімен жақындасу тәжірибесін жасап, болашақтағы түйісу операцияларына дайындық жүргізді.


Барлық жүйелер дұрыс жұмыс істейтіні расталғаннан кейін, кеме Айға

бағыт алу үшін маңызды маневр транслунарлық инъекцияны орындады. Orion Айдың арғы бетін айналып өтіп, отынсыз-ақ Жерге қайта оралуға мүмкіндік беретін еркін траекториямен қозғалды. Бұл әдіс қауіпсіздікті арттырып, төтенше жағдайларда қосымша маневрлерді қажет етпейді.

Миссия шамамен он күнге созылып, экипаж күн сайын Mission Control орталығынан арнайы музыкалық «ояту сигналдарын» алып отырды. Бұл дәстүр Apollo program кезінен бері жалғасып келеді және астронавтардың рухын көтеруге бағытталған.

Artemis II – тек сынақ емес, болашақ Айға қону миссияларының негізін қалаушы маңызды қадам. Бұл ұшу арқылы NASA адамды Ай бетіне қайта түсіруге және алдағы уақытта Марсқа ұшуға дайындықты жалғастырып отыр.

САЙРАНБЕК Мөлдір,
Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің
«Қ.Нұрғалиев атындағы №43
мектеп-лицейі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
11-сынып оқушысы.
Курс жетекшісі:
Құдайберген Саяжан,
журналист





АМАНТАЙ Айман,
Абай облысы, Үржар ауданы,
Бауыржан Момышұлы атындағы
КММ ОМ
11 «Б» сынып оқушысы

<https://egemen.kz/article/376721-tsifrlyq-media-trendteri>

АРМАНЫМ МАҚСАТҚА ҰЛАСТЫ

Мен болашақ мамандығым ретінде журналистиканы таңдадым, өйткені бұл сала менің қызығушылықтарыма толық сәйкес келеді. Мен үшін журналистика – жай ғана ақпарат жеткізу емес, қоғамның тынысын сезіну, халықтың үнін есту және оны дұрыс жеткізу жолы.

Журналист – ол көпшілік ойлайтындай тек мәтін жазып, микрофон алдында әдемі сөйлейтін адам ғана емес, халықтың мұң-мұқтажын, қуанышы мен қайғысын, төтенше жағдайлар мен маңызды ақпараттарды сабырлы түрде жеткізетін кәсіби маман. Халық арасында қандай да бір жағдай орын алғанда, ең алдымен полиция қызметкерлеріне, одан кейін жедел жәрдемге, ал соңында журналистерге жүгінеді.

Журналист халықтың мәселесін, наразылығын ашық айтып, әділдік пен шындық үшін күресіп, қоғамның шынайы бейнесін көрсетеді. Кей жағдайда әділдікке жете алмаған халық журналистерге сенім артады. Мысалы, Руслан Өтепбай мен Бейсен Құранбек сияқты әділдік үшін күрескен мықты журналистер бар. Қазіргі қоғамда журналист мамандығының рөлі ерекше, әрі қарқынды дамып келеді. Сондықтан мен осы бағытта жоғары білім білім алғым келеді.

Журналистика – қоғамдағы ең маңызды салалардың бірі. Ақпарат тарату арқылы ол халық пен билік, қоғам мен жеке адам арасындағы байланысты нығайтады. Қазіргі заманда ақпарат ағыны өте жылдам, сондықтан шынайы әрі тексерілген дерек жеткізетін мамандарға сұраныс

артып отыр. Осы себепті журналист болу үлкен жауапкершілік пен сенімді талап етеді.

Бүгінгі ақпараттық кеңістікте журналист тек жаңалық таратушы ғана емес, сонымен қатар қоғамның айнасы. Ол оқиғаларды зерттеп, шынайы деректі жеткізу арқылы әділ ақпарат қалыптастырады. Қоғамдағы мәселелерді көтеру арқылы өзгерістерге себепші болады. Сонымен қатар бұл сала шығармашылық пен ізденісті қажет етеді, себебі әр материал нақты, түсінікті әрі әсерлі болуы тиіс.

Менің арманым – кәсіби журналист болу. Сол жолда білім алып, тәжірибе жинап, қоғамға пайда әкелгім келеді. Мен халыққа шындықты жеткізетін, әділдік пен адалдықты ұстанатын маман болғым келеді. Цифрлық медиа дамыған заманда жаңа форматтарды меңгеріп, заманауи журналистиканың талаптарына сай болу да менің мақсатымның бірі.

Журналист болу – мен үшін жауапкершілігі жоғары мамандық. Бұл сала қоғамды түсінуге және шынайы ақпарат жеткізуге мүмкіндік береді. Мен әділдік пен шындықты басты қағида ететін журналист болғым келеді.

«Хогвартстан хат келмесе де, балалық шағым сонда өтті»

Әлемге әйгілі Гарри Поттер фильмі мені де айналып өтпеді. Қиындығы мен қызығы бір арнаға тоғысқан бұл туындыны көріп, кітаптарын оқу мені үлкен армандарға жетеледі. Гарри Поттер сериясын британдық жазушы **J. K. Rowling** жазған. 1997 жылы алғаш рет «Гарри Поттер және сиқырлы тас» кітабы жарық көрді. Ал фильмдері әлемдік прокатта 7,7 миллиард АҚШ долларынан астам табыс жинап, кино тарихындағы ең табысты жобалардың біріне айналды.

Балалық шағымды еске алсам, Гарри Поттердің сегіз сериясын қайта-қайта үзбей көрген өзімді көз алдыма елестетемін. Демалыс уақыты бастала салысымен, осы фильмді көруге асығатынымын. Хогвартс мектебі қиял әлемі болса да, маған шынайы өмірдің бір бөлшегіндей көрінетін. Ең қызығы — өзімнің сүйікті кейіпкеріммен туған күнімнің бірдей болуы маған ерекше қуаныш сыйлайды.

Бұл туындыдағы достық – ең маңызды құндылықтардың бірі. Harry Potter, Hermione Granger және Ron Weasley арасындағы берік байланыс – нағыз достықтың үлгісі. Олар қанша қиындық көрсе де, бір-бірін ешқашан тастамайды. Гермионаның білімге деген құштарлығы, Гарридің қайсарлығы және Ронның адалдығы мені кішкентай кезімнен тұлға ретінде қалыптасуыма әсер етті.

Сонымен қатар, Rubeus Hagrid бейнесі де ерекше орын алады. Хагрид – сырт келбеті қатал көрінгенімен, жүрегі жұмсақ, мейірімді жан. Ол Гарриді алғаш рет сиқыр әлемімен таныстырған адам ретінде есте қалады. Оның Гарриге деген шынайы қамқорлығы мен адалдығы – достықтың тағы бір жарқын көрінісі.

Гарридің өзі де ерекше тұлға. Ол – асыл текті, тағдыры ерекше кейіпкер болғанымен, ешқашан тәкаппарланбайды. Қарапайымдылығы, әділдігі және адамдарға деген жанашырлығы оны нағыз батыр етеді. Оның күші тек сиқырында емес, жүрегінде екенін түсінеміз.

Ал Lord Voldemort сынды қатыгез кейіпкердің бейнесі зұлымдықтың қандай болатынын көрсетсе, Severus Snape секілді



күрделі тұлғалардың тағдыры адамды терең ойға жетелейді. Сырттай суық көрінгенімен, іштей Гарриге жанашыр болған Снейптің өмірі – бұл оқиғаның ең әсерлі бөліктерінің бірі.

Қазіргі балалар да бұл фильмге қызығушылық танытады. Дегенмен, бұрынғыдай ностальгиялық сезімдер қайта орала ма деген ой кейде мазалайды.

Бүгінгі таңда Гарри Поттер әлемі қайта жаңғыруда. Жаңа сериалдың алғашқы тизері жарық көріп, ол культтік сиқырлы дастанды толықтай қайта түсіруді мақсат етеді. Бұл жоба туралы көпшілік қызу талқылап жатыр, әсіресе актерлік құрамға қатысты пікірлер әртүрлі. Алайда, мен үшін балалық шақтағы кейіпкерлердің орны бөлек, сондықтан жаңа бейнелерді қабылдау оңай емес.

Қалай болғанда да, Гарри Поттер әлемі – менің балалық шағымның ең жарқын бөлігі. Ол мені қиялға жетелеп қана қоймай, армандауға, сенуге және достықты бағалауға үйретті.

Шын мәнінде, бұл – балаларға үміт сыйлайтын ең үздік туындылардың бірі.

Асылжан НҮРЖАНҚЫЗЫ, (Сурет: ЖИ) Абай облысы, Ақсуат ауданы «Көктүбек-мектеп-бөбейжай балабақша кешені» КММ 11-сынып оқушысы

Қолданылған дереккөздер:
<https://ru.wikipedia.org//massaget.kz/ol-kim-bl-ne/garri-potter-turalyi-filmdler-kayda-tusrlgen-https://www.kinopoisk.ru/>



ЛУДОМАНИЯ: құмар ойындардың зардабы

Құмар ойын – тәуелділік туындататын қауіпті әдет.

Құмар ойын – бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі. Ол сырт көзге ойын-сауық немесе табыс табудың жеңіл жолы болып көрінгенімен, шын мәнінде адамның өмірін түбегейлі өзгертіп жіберетін қауіпті тәуелділікке айналады. Қазіргі таңда бұл мәселе жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның дертіне айналып отыр.

Сарапшылардың мәліметінше, Қазақстанда жүздеген мың адам құмар ойынға тәуелді. Олардың басым бөлігі – жастар мен еңбекке қабілетті азаматтар. Ең алаңдатарлығы — әрбір ойыншының қарызы миллиондап есептеледі. Бұл тек қаржылық қиындық қана емес, сонымен қатар психологиялық қысым, күйзеліс және әлеуметтік оқшаулануға әкеледі. Соңғы жылдары құмар ойын бизнесінің айналымы да айтарлықтай өскен. Бұл сала экономикалық тұрғыдан дамып жатқанымен, оның көлеңкесінде мыңдаған адамның тағдыры тұрғанын ескермеуге болмайды.

Құмар ойынның ең қауіпті тұсы – ол адамның үмітімен ойнайды. Әрбір жеңілістен кейін адам «келесі жолы ұтамын» деген сеніммен қайта оралады. Алайда бұл шеңберден шығу барған сайын қиындай түседі. Нәтижесінде адам тек ақшасынан емес, уақытынан, жақындарынан, тіпті өмірлік мақсатынан айырылып жатады. Отбасылық жанжалдар мен ажырасулардың да бір бөлігі осы тәуелділікпен байланысты.

Психологтар құмар ойынға тәуелділіктің бірнеше негізгі себебін атап өтеді. Біріншіден, отбасыдағы тұрақсыздық пен эмоционалдық қолдаудың жетіспеуі. Екіншіден, қаржылық сауаттылықтың төмендігі – адамдар тәуекелдің шынайы деңгейін бағалай алмайды. Үшіншіден, өмірге қанағаттанбау, тез әрі оңай табысқа деген ұмтылыс. Осындай факторлар адамды қауіпті жолға жетелейді.

Мамандардың айтуынша, лудомания – емдеуді қажет ететін психологиялық дерт. Одан шығу үшін ең алдымен мәселені мойындау қажет. Сонымен қатар кәсіби психологтардың көмегі, отбасының қолдауы және алдын алу шаралары маңызды рөл атқарады. Қоғам деңгейінде де бұл мәселеге бейжай қарамау керек – ақпараттық жұмыстар мен түсіндіру шараларын күшейту қажет.

Қорыта айтқанда, құмар ойын – уақытша қызық емес, ұзақ мерзімді зардап әкелетін тәуелділік. Ақша – тұрақсыз, ал білім мен еңбек – адамды алға жетелейтін негізгі күш. Сондықтан жеңіл жол іздегенше, өз дамуыңызға инвестиция жасаған әлдеқайда тиімді.



**КИНЬЯЗОВА Инаят
Конгратбайқызы,
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Үшқоңыр ауылы,
«Мұхтар Ауезов»
атындағы мектебінің
11- сынып оқушысы**

АЛТЫ ЖАСАР АҚЫН ҚЫЗ...

Әр баланың дарыны мен қабілеті бала кезден қалыптасады. Ал ол дарынды бала бойына даруына жанындағы жақындары көмектеседі.

2014 жыл, далада аппақ қыс, қолында қалам, қағаз, ана тілі кітабы. «Отан» атты өлеңді оқып отырған бүлдіршін. Оқи отырып, перефраз арқылы өзінің ақындық қабілетін сынамақшы болады. Балақайдың әлі тәжірбиесі жоқ, қатесін қайта-қайта жөндеп, ақындық қаламы мың ұшталады. Сол кезде 90 беттік қалың дәптер арнап оның сыртына «Өмірге деген құштарым» - деп жазып атын қойып, өзінің өлеңдерін бірінен кейін бірін маржандай етіп тізген болатын. Алғаш бұл қабілетін, апасы байқайды. Апасы күнде кешке немересіне түрлі-түрлі ертегілер оқып береді, содан соң түсінігін сұрайды. Ал немересі түсінігін детальді түрде барлығын айтып береді. Түсінігімен қиялының мықтылығын көрген апасы, күнде немересіне ертегі, өлең оқып әрі жататады.

Арада 11 жыл өтті, немересі кітап жазды. «Өзім туралы»- атты еңбегі мектеп қабырғасында жарық көрді. Сол-ақ екен, келе 16 жасында кітап авторы атанып, «журналист боламын»- деп, мамандығын таңдады. Бір өлеңді перефраз жасаудан бастап, оны кітап жазатын деңгейге жеткізді.

Солдай перефраз арқылы өлең жазып, өзіндік сөздік қорымды жаймен дамыта бастадым. Сол кезде бәлкім, сол бір «Отан» өлеңін оқымағанда ақындыққа деген құштарлығым болмас па еді?

Кей сәттер жоспар бойынша болмайды, тіпті ақынның шабыты туындамаған жерден тасып шығып 10-15 минутта ұзақ жыр жазып тастай алады. Осы кезде мынандай сұрақ туындайды: «Ақынға шабыт қалай келеді? Ақындыққа жетелейтін не нарсе, әлде кім?» Ол сұраққа жауап мынадай: шабыты керек кезде пайда болады, бірақ бірден емес, ақын бойында ашу көп болып кетсе немесе мұң көбейіп кетсе, ақын сол арқылы өзіндік іштегі көңіл күйін жеткізеді. Белгілі бір эмоцияның көптігі, ақындағы сөздік қормен жазылып, ішіндегі сырын жеткізеді.

Талантың болса егерде биікке талпын, бойыңа дарыт. Бәлкім сен болашақ Журналист немесе филолог маманысың, кім білер? «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бір қалан!» - дейді Абай атамыз.

КЕЛЬДЫБАЕВА Алуа Тулегенқызы,

Алматы облысы,

Қарасай ауданы

«Әл-Фараби

атындағы

мамандандырылған

лицейінің»

11 «Г» снып

оқушысы.

Шығармашылық

жетекшісі: Сайын

Аида Меңдібайқызы,

кафедра

менгерушісі





«Қазпошта» АҚ облыстық, аудандық бөлімшелері арқылы 2026 жылға журналдық электрондық нұсқасына жазылу бағасы:

Заңды тұлғаларға: 6 айға – 3618,36; 12 айға – 7236,72

Қала, ауыл-село бойынша: 6 айға – 3344,40; 12 айға – 6688,80

Байланыс ақпараты үшін: 87017309312